

Ерекше балаларға – ерекше қамқорлық
2-бет



Қазақ жастарының қамқоршысы
5-бет



«Ойлап тапқан кім бұл қара өлеңді...»
6-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 28 НАУРЫЗ, 2024 ЖЫЛ №34 (23 356)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

Ұлық мейрам ұлықталды

Биыл Арқаға наурыз он күн бұрын келді. Жылда 21-22 наурыз күндері ғана аталып өтетін Ұлыстың ұлы күнін бұл жолы ел ерекше серпіліспен қарсы алды. Наурызнаманың он күндігінде ұлттық рух салтанат құрды. Амаз мерекесімен басталған төл мейрам Қарағанды қаласының орталық саябағында дүркіреп, дүбірлеп, сән-салтанатымен өтті. Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев та Наурыз тойының ортасынан табылды. Аймақ басшысы әр құрылым, ұйым құрған киіз үйлерді аралап, құтты болсын айтты. Наурыз мейрамы – біздің төл мерекеміз. Мұны ерекше қуанышпен, бақытпен қарсы алуымыз керек. Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін. Келген жыл несібелі, ырысты болсын», – деп құттықтауын жолдады Ермағанбет Қабдулаұлы.

көруге болады, – дейді шетелдік мейман.

Жылдан жұрт саябақтың жоғарғы жағына қарай ағылды. Өйткені, үлкен сахна алаңында жергілікті өнерпаздардың қатысуымен «Армысың, өз Наурыз!» атты театрландырылған мерекелік іс-шара басталып жатты. Әдеттегідей концерт шымылдығы Сарыарқаны сұлу әнімен тербеген Қ.Байжанов атындағы «Арқа сазы» фольклорлық ансамблінің ән шашуымен түрілді.



көрсетті. Қыз-жігіттердің ойын-сауығы да сәтті шықты. Түймен жеткен Қыдыр ата қолын жайып, елге наурыз-бата берді. Бір сағатқа созылған қойылым Наурыздың мәнін аша түскендей. Әрмен қарай «Арай» ансамблінің жез-

РЕСМИ

Елтаңба мәселесі – өзекті

Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов палатаның жалпы отырысында Ұлттық құрылтайда көтерілген маңызды мәселелерді Парламент тыңдауында қарауды ұсынды.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Спикердің айтуынша, Парламент бірқатар заң жобасын қабылдауы тиіс. Бұл орайда археология, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік наградалар саласындағы заңнаманы жетілдіру жұмысы күтіп тұр.

– Кейінгі күндері қоғам қызу талқылап жатқан Елтаңба мәселесі өзекті болып отыр. Шынтауында, аталған мәселенің талқыға түсуі – қоғамдағы пікір алуандығының көрінісі. Қолданыстағы Елтаңбаның бейнесіне байланысты жастар, қоғам белсенділері тарапынан көтерілген ұсынысқа Президентіміз құрылтайда өз пікірін білдіріп, ортақ, байыпты шешімге келуге шақырды. Мемлекет басшысы осылайша Елтаңба мәселесін ашық талқылауға шығарып отыр. Бұл ретте жалпы жұртшылықпен бірге, мемлекеттік символиканы зерттеп жүрген геральдика саласының кәсіпқой мамандарының ұсыныстары жете талқылануы қажет, – деді Ерлан Қошанов.

Мәжіліс төрағасының айтуынша, Елтаңба – сан ғасырлық тарихты таңбалайтын, мемлекет айынын асыратын, асқақ рухын айшықтайтын негізгі символ болуы тиіс. Елдің болашаққа ұмтылысын бейнелейтін бірегей атрибутикасына айналуы тиіс.

8-бет

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық саябақ алаңындағы тізбекпен құрылған ақшаңқан үйлерді көріп, ауыл көшіп келгендей күйде боласыз. Киіз үйдің ішінде де, сыртында да түрлі көрме ұйымдастырылған. Ұлттық нақыштағы бұйымдар көздің жауын алады. Қарағандының барлық колонер шеберлері – осында.

...Күн көкжиектен арқан бойы көтерілген кезде көпшілік арасында аяқ алып жүрудің өзі қиынға түскендей. Мыңнан аса мейман осында жүр. Саябақтағы думанды тамашалап. Ұлттың келбетін айқындайтын ұлттық киім киген көпшілікке қарап, көзің тояды, көңілің көтеріледі. Қолдан қолға көшіп жүретін қыдырма шапан емес, кәдімгі қазақы оюмен әдіптелген қамзол, шапан, бөрік киген қыз-жігіттер мейрамның мерейін асырғандай көрінді бізге.

Мерекке келгендердің арасынан нигериялық Эмануэль Зака есімді мейманды кезіктіріп қалдық. Ол қарағандылықтарды «Наурыз құтты болсын!» деп қазақша құттықтап, өзінің көңіл-күйін жеткізді.

– Қадуна қаласынан келдім. Қарағанды қаласының ерекшеліктері өте көп екен. Халқының да қонақжай екенін бірден сезіндік. Бүгінгі мейрам ұлттық мереке екенін көрініп тұр. Барлығы сәнді киімде, ұлттық та-



ғамдардың дәмін таттық. Бұл сапарымның осы күнмен тұспа-тұс келуі де мені ерекше қуантты. Өйткені, қазақ елінің салт-дәстүрін, болмысын, мейірімділігін, жалпы қазақ халқының даралығын осы тойдан

«Құс қанатындағы Наурыз» атты театрландырылған қойылымды да көрермен жылы қабылдады. Өнер шеберлері күн мен түннің теңелгенін әсем суреттеді. Ақ жаулықты аналар наурыз көжені әзірлеу рәсімін

таңдайлары ән-жырмен шашу шашты. Елімізге белгілі эстрада жұлдыздары да сахна алаңынан табылды.

ӨНДІРІС

Жаңа кәсіпорын салынады

Облыста ағаш және таскөмірді өңдеу, байыту және пиролиздеу жобасының іске қосылуы күтілуде. Кәсіпорын 2024-2025 жылдары Нұра ауданында салынабақ. 2,5 млрд. теңгеге бағаланған өндіріс орны ашылғанда 100 адам жұмыспен қамтылады деп күтілуде.



Сурет ашық дереккөзінен

Нұра ауданының әкімдігі хабарлағандай, жоба бірнеше блоктан тұрады. Оның басталуы үш кезеңде жоспарланған.

Алдымен орташа температура-лы кокс өндірісі жолға қойылады. Бұл нысанның қуаттылығы жылына 60 мың тоннаны құрауы мүмкін. Ол биыл іске қосылады.

Бұдан әрі айналымы пештерде ұсақ көмірді өңдеу жүргізіледі. Қуаттылығы жылына 30 мың тонна өнім.

Содан кейін барып, кәсіпорын жылына 30 мың тонна көлемінде құйылған брикеттер шығарады.

Өз тілшімізден

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қарғын келсе, қапы қалмаңыз!

Апта басынан бері, ырғын қардан жер аяғы кенісімен ұялы телефонымызға қауіпсіздік қызметі тарапынан «Абайлаңыз, мұздың қабаты жұқа», «Атаулы бағыттағы жолды су шайып кетті» деген рәуіштегі сақтандыру хабарламалары жиілей түсті...

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

37-06-42, 35-58-02.

Ақпараттандыру амалдары тұрғысында құзыретті мекемелер тарапынан кешеуілдеу жоқ. Дегенмен, мұндай сақтық шараларына қатысты үндеу атаулысын құлақ сыртынан өткеріп жатқан жандар қарасы баршылық. Көбеймесе, азайып кетпеді. Қауіп пен қатер дөп мұрнының ұшына келгенде ғана есін жиятын немқұрайлық еттеген-ай дегізіп жататыны жасырын емес.

Су тасқынының жағдайын сағат-сағат бақылауға алған жергілікті атқарушы органдар да әлеуметтік тармақтарға жағдайдың тұрақты екендігін мәлімдеуде.

– Тәулік бойы аса қауіпті су тасқыны учаскелерінде кезекшілік ұйымдастырылды. Федоров су қоймасы ауданындағы саяжай иелерінен су көлемінің артуы турасындағы ескертпелері қаперге алынып, қажетті қауіпсіздік амалдары жүргізілуде. Мұнымен бірге, төменгі рельеф бойынша орналасқан жеке сектор үйлеріне қажетті көмек көрсетіліп, ағынды су жайлаған кейбір аула аумақтарында құрғату жұмысы жүргізіледі. Мәселе тұрақты бақылауда, – деп сендірді Қарағанды қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің жетекшісі Әсел Сәдуақасова.

Қарамағыңызда қарғын қауіп төндірерін байқасаңыз, Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарының диспетчерлік қызметіне дереу хабарласыңыз: 8/7212/ 41-41-46,

тисті нұсқауларын орындау және эвакуацияға немесе қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолданылатын басқа шараларға дайын болу аса маңызды. Егер мүмкіндігіңіз болса, көршілеріңізге және айналасыңыздағы адамдарға, әсіресе жағдайға байланысты көмекке мұқтаж жандарға көмектесіңіз. Қалай болғанда да, орын алған жағдайға және құзыретті қызметтердің ұсыныстарына сәйкес, әрекет етіп барынша сабырлы әрі әр әрекетіңізде жинақы болу – шарт.

Сурет Қарағанды қаласы әкімдігінің баспасөз қызметінен



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Мерекедегі жан-жақты көмек

Наурыз мерекесі қарсаңында облыстың бірқатар аудандарында мұқтаж жандарға бірреттік материалдық көмек қарастырылған болатын. Бұл жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылды. Сонымен бірге, концерттік шаралар ұйымдастырылып, мерекелік дастарқан жайылды. Азықтүлік те таратылды. Аталған шараларға 510 508,0 мың теңге қарастырылған.



Сурет ашық дереккөзінен

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының дерегіне, аталған шаралар аясында 17 285 адам қамтылған. Мұқтаж 11 138 адам 494 796,0 мың теңге көлемінде көмек алады.

«Наурыз – бірлік, жаңару, тағулық мейрамы!», «Қыдыр атадан кәде сыйлық!», «Наурыз – жаңару мейрамы» секілді мерекелік шаралар мен әлеуметтік осал топ санатындағы азаматтарға арналған

мерекелік дастарқан үшін 6 399,0 мың теңге бөлінген. Сонымен бірге, 1 105 адамға азықтүлік себеті табысталады. Оған 6 132,0 мың теңге бөлінген.

Әлеуметтік осал топ өкілдері үшін ақшалай емес көмек көрсетілгенін де атап өту керек. Мүгедек, зейнеткер, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға жататын 785 адамға отын-су, көмір, картоп және басқа да заттай көмек көрсетілді. Оған 2 316,0 мың теңге қарастырылған. Наурыз мерекесін тойлау аясында басқа да шаралар ұйымдастырылды.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 488.51

•USD/KZT 450.07

•RUB/KZT 4.86

•CNY/KZT 62.35

Қазақстан Ұлттық Банкінің 27 наурыз, 2024 жылғы дерегі бойынша



Ерекше балаларға – ерекше қамқорлық

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев мүгедектігі бар және ақыл-есі кем балалардың ата-аналарымен онлайн кездесу өткізді. Мұндай ашық диалог проблемаларды анықтап, қолжетімді ортаны қалыптастыру үшін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді.

Салтанат ІЛШИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісованың айтуынша, облыста ерекше білімге қажеттілігі бар 15 мыңға жуық бала болса, оның 2 475-і – мүгедек балалар.

Онлайн кездесуде басқарма басшысы арнайы білім беру ұйымдарына кезекті қысқарту үшін атқарылып жатқан жұмыстарды мәлімдеді.

– Биыл Қарағандыда, 2025 жылы Бұқар жырау ауданында психологиялық-педагогикалық-педагогикалық кеңестер, Балқашта түзету кабинеттерін ашу жоспарда. Одан бөлек, мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мемлекеттік білім беру тапсырысы іске асырылуда. Ол 150 орынға шақталған. Сондай-ақ, облыста жалпы білім беретін мектептерінде арнайы сыныптар ашуды жалғастырамыз, – деді Гүлбақыт Жүнісова.

Басқарма басшысы инклюзивті тәжірибе бойынша оқулықтар мен әдістемелік құралдарды сатып алу



Сурет облыс әкімінің сайынынан

бюджеттен қаржыландырылатынын, білім беру нысандарын бейімдеу жағдайларын да айтты.

Колледждерде бес мамандық бойынша арнайы студенттер үшін жаңа топтар ашу жоспарда. Олар – тамақтануды ұйымдастыру, тігін өндірісі және киім үлгілеу, аяқ киім тігу, ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану, сән

дік-қолданбалы өнер және халық колөнері.

Бірақ, атқарылып жатқан жұмыстарға қарамастан, колледж түлектерінің жұмысқа орналасуы



проблема тудыруда. Бұл ретте мәселені жұмыс берушілермен бірлесіп шешу қажет екені де айтылды.

Жалпы, 18 жастан асқан мүгедектігі бар жастардың әлеуметтік бейімделуі ерекше назар аударуды қажет етеді.

Кездесуде әлеуметтік қорғау, медицина, спорт тәрізді басқа да



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

салалар қозғалды. Қазір мүгедектігі бар адамдарға арналған бірінші портал бар. Бүгінде жұмыс істеп тұрғанымен, толық кестемен емес. Мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсететін барлық ведомстволардың белсенділігі қажет. Үйден шықпай-ақ алуға болатын қажетті ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды.

Кездесуде ерекше балаларға көмек көрсететін ата-аналар мен қоғам қайраткерлері өз ұсыныстарын білдірді. Мектептерде бейімделген дене шынықтырумен айналысу мүмкіндігі талқыланды. Темірталық ақыл-есінде кемістігі бар балалардың ата-аналары Қарағанды білім беру орталығына бару үшін көлік ұйымдастыруды сұрады.

Кездесу барысында Ермағанбет Бөлекпаев бірқатар нақты тапсырмалар берді. Ол қалалар мен аудандардың әкімдерін ерекше балалардың ата-аналарымен тұрақты байланыста болуға шақырды.

– Жақсы ұсыныстар айтылды. Олардың әріптестерім естіді деп ойлаймын. Кездесу барысында мәселелерді бірлесіп шешуге болады. Сұрақтар әлі де анықталды, келесі кездесуде шешімдер туралы хабарлар етеміз, – деді облыс әкімі.

18 отбасы баспаналы болды



Қуатты өңір

Мемлекет басшысы жетім мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалардың мәселесіне баса назар аударған болатын. Олардың болашағы, балалар үйіндегі күрмеуі көп мәселелер – бәрі назарда. Ал, олардың коммуналдық тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйден баспана алуға бірінші кезекте құқы бар. Әрі баспанамен қамтуды жергілікті әкімдік жүзеге асырмақ. Осы мақсатта Наурыз мейрамы қарсаңында Осакаров ауданы әкімдігі үй кезегінде тұрған 18 отбасыға баспана кілтін табыстады. Шараға аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов арнайы қатысып, пәтер иелеріне кілтті өз қолымен тапсырды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, 2020 жылдан бері Осакаров ауданында үй кезегінде тұрған осы топтағы жандар үшін үйлер салынып жатыр. Әрі кезек-кезеңімен кезекте тұрған жандарға үлестірілуде. Бұл жолы ата-ана қамқорлығынсыз қалған бес жетім балаға, көпбалалы үш отбасыға және әлеуметтік осал топқа жататын 10 адамға пәтер кілтін табысталды.

Жалпы деректерге сүйенсек, Осакаров ауданында тұрғын үйге мұқтаждар ретінде есепте тұрғандар тізімінде – 996 адам бар. Оның 626-сы – жетім ба-

лалар. Ал, 176-сы – әлеуметтік осал топтағылар. Одан бөлек, 136 бюджеттік ұйымдардың қызметкері, 49 көпбалалы отбасылар да бар. 9 отбасының үйі қауіпті деп танылған. Сонымен қатар, биыл коммуналдық тұрғын үй қорынан баспана кілтін табысталады деп күтілуде.

Екі жыл үй кезегінде тұрып, 3 бөлмелі пәтер иеленгеннің бірі – Ольга Иржавская. Үш қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған көпбалалы ана. Бұған дейін ата-енесінің қолында тұрып келген. Енді талай жыл армандаған пәтерін қол жеткізіп, қуанышы еселеніп жатыр.

– Қуанышымда шек жоқ. Мұнда барлық жағдайымыз ойласты-

рылған. Толық жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Едені қапталып, қабырғалары сыланған. Біз тек көше саламыз. Үлкенім – 11 жаста болса, кейжеміз – алтыда. Балала-



Сурет бұрынғы әкімнен

рыммен бірге үйімізді көріп, кілтін алып жатырмыз. Олардың қуанышында шек жоқ. Енді тезірек көшілері келеді, – деді Ольга Александровна.

Мердігер компания пәтер ішіне толық жөндеу жұмыстарын жүргізген. Көріз құбырын жүр-

гізіп, су тартқан. Екі және үш бөлмеден тұратын пәтер іші кең, әрі жарық. Барлық пәтер тұрғын үй

коммуналдық шаруашылығына берілген. Ондағы мамандар кезекте тұрған жандарға үлестіріп беріпті. Сәуір айында тағы сегіз отбасын баспанамен қамтамасыз етуді жоспарлап отыр. Оның ішіндегі екі пәтер асыраушысынан айырылған жанға берілмек.

Мүлік салығын мүлт жібермеңіз

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында жалпыға бірдей декларациялаудың өзекті мәселелері қауласты. Әсіресе, жеке тұлғалардың көлік салығын төлеу мерзімі мен тәртібі ойталқының өзегі болды. Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің өкілдері Бақытгүл Ботпаева, Алтынай Байдалина тақырыпқа егжей-тегжейлі тоқталды.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан бұрынырақ ақпарат айданында жалпыға бірдей декларациялаудың III кезеңі басталғандығы хабарланған еді. Үшінші кезең декларанттарына заңды тұлғалар, құрылтайшылары (қатысушылары), жеке кәсіпкерлер және олардың жұбайлары жатады. Алдын ала ұсынылған мәліметтер тізбегіне көз жүгіртсек, табысты растаудың бұл кезеңінде облыс бойынша декларацияны 142,5 мыңға жуық жеке тұлға тапсырады деп күтілуде.

Қаперге салсақ, декларацияда шетелдегі келесі активтер көрсетілуі міндетті. Атайық: жылжымайтын мүлік, жер учаскелері, көлік құралдары, арнайы техника және тіркелмелер, әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, өзен-теңіз жүзу кемелері, Қазақстан Республикасы шегінен тыс жерде құрылған заңды

тұлғаның жарғылық капиталындағы қатысу үлесі, шетелдік банк есепшоттарындағы ақша барлық банктік салымдар бойынша жиынтығында 1000 айлық есептік көрсеткіштен (3 450 000 теңге) асатын сомада.

– Бұған қоса, декларацияда Қазақстанда немесе шетелде мынадай мәліметтерді көрсету қажет: тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар, бағалы қағаздар, туынды қаржы құралдары, сандық активтер, инвестициялық алтын, зияткерлік меншік, авторлық құқық нысандары, қолма-қол ақша 10 000 айлық есептік көрсеткішке дейін (34 500 000 теңге), оның ішінде банк ұяшықтарында, жеке тұлғаның нотариалды куәландырылған қарыз шарттары. Қалауы бойынша құны 1000 айлық есептік көрсеткіштен (3 450 000 теңге) асатын кез келген мүлікті – мәдени құндылықтарды, зергерлік бұйымдарды, антиквариатты, биологиялық активтерді көрсетуге болады, – деп нақтылап

өтті Бақытгүл Байдашқызы.

Бірақ, мұндай мүлікті тәуелсіз бағалаушы тарапынан 2023 жылдың 31 желтоқсанына бағалау аса қажет. Айта кету керек, декларация активтер мен міндеттемелер болмаған жағдайда да алға тартылмақ. Барлық салық есептілігі сияқты, әрбір азамат кез келген орын алған қателік пен дәлсіздікті талап қою мерзімі ішінде қосымша декларация беру арқылы түзеп қайтадан салыққа құқылы. Бұл арада салық төлеушіге мейлінше ыңғайлы болу үшін барлық мемлекеттік кірістер басқармаларында жол жөнекей туындаған сауалдарға жауап алуға және декларацияны толтыруға көмек алуға болатын консультациялық орталықтар құрылды.

Қордағы актив пен міндеттеме туралы декларацияны «Салық төлеушінің кабинеті» (kgd.gov.kz), «Электрондық үкімет» порталы, E-Salyq Azamat, eGov.mobile мобильді қосымшалары арқылы 15 қыркүйекке дейінгі мерзімде электрондық түрде жөнелтуге болады.

Тілшілердің облыс тұрғындарының нақына қатысты түрлі сауалдарына қос спикер сенімді де байсалды қалыпта жауап қатты. Әсіресе, алақанымыздағы ұялы

телефонның кең мүмкіншілігі арқылы тапсырманы тасту үшін шеше салғысы келетін жандар үшін бірнеше керек кеңес те айтып өтті.

– Иә, түрлі электронды қолданба арқылы қолымыз қалт еткенде мәлімет енгізе салуға санамыз дәур тұратын болды бүгінде. Оның үстіне уақыты тым тап қалғанда ошарылып, әрнені кармап қалатын ғадетімізді де есте жокқа шығара алмаспыз. Сондықтан, назарыңызға E-Salyq Azamat қосымшасының артықшылығын айта кеткенді мақұл көрдік. Ұтымды жері атаулы бағдарлама жөнді-жөнсіз электронды қолданба талап етпейді. Мұның өзі жүгінізді жартылай жеңілдетеді. Есіңізде, иә болмаса, телефоныңыздың жадында ЖСН болса, әбден жеткілікті. Өзіңіз қолданып көріңіз, – деп ұсынды Алтынай Кеңесбекүлқызы.

Биыл облыс бойынша барлығы 300 мыңға жуық адамның табысын жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде активтер мен міндеттемелер, жеке табыс салығы туралы декларацияны тапсыруы күтілетінін ескере отырып, дүрбелең тудырмау үшін облыс тұрғындары декларацияларды тапсыруды кейінге қалдырмауға үндеді департамент өкілдері.

• ӨЗЕКТІ

Тасқынға тасту үшін дайын

Әдетте біздің қазақ тылсым табиғаттың құбылысына қарай «От пен су апатынан сақта!» деп жатады ғой. Биылғы қарқынды түсіп, енді көктем келген кезеңде су тасқыны қаупі сөйлемей тұр. Соған байланысты «ҚАЖСервис» ЖШС Қарағанды облыстық филиалының 42-Жол-пайдалану бөлімі ұжымы бұл сынға сақадай сай деп айтуға болады.



Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біз республикалық маңызы бар «Павлодар-Қызылорда» шақырымы аралығындағы 158 шақырымына қызмет көрсетеміз. Қазір ұжымдағы 48 адам мен қолда бар техниканың бәрі осы көктемгі қар суынан келетін қатердің алдын алып, жоюға жұмылдырылған, – дейді Жол-пайдалану бөлімінің басшысы Нұрғелді Сейфулғазин.

Атап айтқанда, өздерінде бар 5 жүк машинасы, 3 «МТЗ» мен 1 бульдозер тракторлары, 1 жүккөтергіш, 1 автогрейдер жөндеуден өткізіліп, сапқа қойылыпты. Бұл техникаларға қажет жанар-жағармай қамдалып, 3 мың тонна ұсақ құм, оны салатын 4 мың кенеп қапшық, 3 мың тонна тас қиыршықтары, 54 жол белгілері, жұмыс киімдері мен құрал-саймандар даяр тұрған көрінеді. Айтпақшы, Абай ауданының әкімдігімен келісім бойынша бұлар қиыршық тасты

алыстан емес, аудан аумағындағы тас қарьерлерінен сатып алып, тасымалдайды.

Бүгінде аталған Жол-пайдалану бөлімінің жұмысшылары мен мамандары жол белгілерін қойып, су өткізгіш құбырлар мен көпірлерді, жол жиектерін қардан арышу мен тазалау жұмыстарын жүргізіп жатыр. Әсіресе, бүйірінде Жаманжол бөгені бар жолдың 888-890 шақырымы арасында ерекше бақылауда ұстауда. Өйткені, өткен жылы жолдың осы бөлігінің үстімен қызыл су жүріп кетіп, біраз әуре-сарсаңға салғаны естерінде.

Міне, осы шаруалардың ұйымдастырылып, орындалуына жауапты болып бекітілген бөлім механигі Мәди Қабаханов өздерінің осындай тасту үшін дайындықтың арқасында су тасқынынан келетін қауіп-қатердің бетін қайтарып, апатты жағдайға жол бермейтіндерін нық сеніммен мәлімдейді.

Абай ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан



Президент тапсырмасын орындай отырып...

уағында темір тұлпарыңыздың қозғалтқыш көлемін әрі нелік ету мерзімін атап көрсеткен дұрыс. Бастабында спикерлер атап өткен E-Salyq Azamat мобильді қосымшасы арқылы да есептей аласыз. Ол үшін AppStore немесе PlayMarket-тен жүктеп алыңыз. Солайша, жеке тұлғалар көлік салығын 2024 жылдың I сәуірінен кешіктірмей тұрғылықты жері бойынша төлеу қажет.

Осы жылдың наурыз айында мемлекеттік кірістер комитеті көлік құралдарына салынатын салық сомасын есептеді. Аталған сомалар kgd.gov.kz порталында «алдағы төлемдер сервисі» бөлімінде, сондай-ақ, E-Salyq Azamat мобильді қосымшасында және екінші деңгейдегі банктерде жарияланды.

Көлік салығын төлеу мерзімі аяқталғанға дейін санауды күндер қалды. Сондықтан, Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті салық міндеттемесін уақытылы және толық көлемде орындауға шақырды.

• ҚҰРЫЛТАЙ – 2024

Адал қоғам қалыптастырудың алғышарты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында кезекті III Ұлттық құрылтай отырысын, «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты мазмұды тақырып аясында өткізіп, еліміздің басты идеологиялық құндылықтарының басым бағыттарын айқындап берді.

Ұлттық құрылтайдың бүгінгі Әділетті Қазақстан қоғамын құрудағы атқаратын қызметі аса салмақты. Дана халқымыз қай дәуірде болмасын «кеңесіп пішкен тон келте болмас», – дей отырып, дәстүрлі дала демократиясына негізделген алқалы жиындарда «тең атаның ұлындай» кеңесе отырып, ел мен жердің тағдыршешті мәселелерін талқылаған. Содан болар, ықпал заманнан бері түркі халықтарының дүниетанымында «Құрылтай» ұғымы бүкіл халықтың бас қосқан жиналысы, мемлекеттің саяси билігінің ресми кеңесі деген атауды білдірген. Ел басына күн туғанда немесе ханды сайлағанда Ұлы Даланың бір қиырынан екінші қиырына дейін хабаршы жіберіп, бес қаруын асынған ер-азаматтар түгел қатысатын құрылтай шақырылған.

Тарихтың дөңгелегі үнемі алға жылжиды. Араға ғасырларды салып, киелі құрылтай атауы халқымызға қайта оралды. Бүгінгі күнде «Ұлттық құрылтай – Президент жанындағы негізгі консультативтік-кеңесші орган. Мемлекет басшысы бұл ұйымды құру туралы бастамамен 2022 жылдың 16 наурызындағы Қазақстан халқына Жолдауында көтерген болатын. Ұлттық құрылтайдың құрамына елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, сарапшылармен қатар, аймақтардағы азаматтық қоғамның беделді өкілдері мүше болып кірді. Ұлттық құрылтай құрылғалы мемлекеттік деңгейде ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Бұл арада саяси билік пен азаматтық қоғамның әріптестігінің басты бағдары – адалдық ұстанымын басшылыққа алған Әділетті Қазақстанды құру болмақ. Демек, халық пен билік арасында жаңа қоғамдық ортақ мәміле қалыптасады. Ұлттық құрылтайда талқыланған өзекті мәселелер араға көп уақыт салмай, республика Парламентінің күн тәртібінде қаралып жатқанына көзі қарақты көпшілік күе. Сондықтан Жаңа Қазақстан жарияланғалы өтпін жатқан құрылтайларды өткен замандардағы мәртебелі бас қосулардың трансформацияланған түріндегі заңды жалғасы немесе әділетті Қазақстанның мәдени-рухани және саяси қайта жаңғыруы деп бағалауға болады. Соған сәйкес Ұлттық құрылтайлардан халқымыз Қазақстан қоғамының толғандырып келген ұлттық құндылықтардың басты ұстындары болып саналатын: отаншылдық қасиетті нығайту, тіл, жалпыға ортақ еңбек қоғамын құру, руханият, мәдениет, діни мәселелер т.б. мәселелердің



оң шешілгенін қалайды және талап етеді.

Президентіміз Ұлттық құрылтайда құрылғанына биыл 800 жыл толып отырған Жошы ұлысының қасиетті Ұлытаудан кейінгі саяси орталығы болған Еділ-Жайық өңіріндегі көне Сарайшық қаласының жанында орналасқан Атырау қаласында өтіп жатқанының тарихи деректері бізге кеңінен белгілі. XIV ғасырда Жошы ұлысына арнайы сапарлап келген Ибн Батутаны Сарайшық қаласын Бағдат қаласымен салыстырады. Шығыс пен Батыс өркениеттерінің қак ортасында орналасқан көне Сарайшық қаласы Ұлық Ұлыстың саяси әкімшілік, сауда орталығы ғана болмай Ұлы Жібек жолының бойындағы геостратегиялық мәнге ие болып, Жошы Ұлысының кіші астанасы ролін атқарған. Орта ғасырлар дәуірінің атақты тарихшысы Қадырғали Жалайыр шамамен 1600 жылдары жазған «Шежірелер жинағы» еңбегінде «Қасым хан ақырында Сарайшықта дүние салды. Бұл күнде оның қабірі Сарайшықта жатыр», – деп жазып кеткен.

Қай заманда болмасын мемлекетті дамытып, бәсекеге қабілетті әлеуетті экономикасын құратын белсенді топ болады. Ол, әрине, интеллектуалдық қабілетке ие білімді ұрпақ болмақ. Білім мен ғылым адам баласына тек кітап оқумен келеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз. Тәуел-

сіздік кезеңінде елімізде кітапхана ісі кенжелеп қалды. Тоқсаныншы жылдардағы аласапыран уақытта мыңдаған кітапхана жабылды. Миллиондаған кітап қорынан

айырылды. Соңғы жылдары жағдайды түзеу үшін әрекет жасалып жатыр. Кітапхана – мемлекеттің, ұлттың негізгі жады. Еліміз үшін құнды тарихи деректер мен материалдардың дені кітапханада сақталады. Сондықтан кітапхана ісін дамытуға бейжай қарауға болмайды. Кітап оқырманға қолжетімді болуы керек. Өздеріңізге мөлiм, мен былтыр Түркістанда өткен құрылтайда елімізде тәулік бойы жұмыс істейтін заманауи кітапхана салу туралы айттым. Ондай кітапханалар көптеген елде бар. Менің тапсырмаммен Алматыда және Астанада көп ұзамай осындай тамаша ғимараттар бой көтермек», – дей келе еліміздегі кітапхана ісін қайта жаңғырту жөніндегі өзінің бағдарламалық маңызы бар пікірін айтып өтті.

Дана халқымыз «артық білім – кітапта» деп дәл айтқан. Адамзат өркениетінің биік деңгейіне жеткізген ғылыми ізденістердің құпиялары тек кітапханалар мен арнайы зертханаларда ашылған. Қай заманда болмасын кітапхана – сапалы білім берудің ең басты кепілі. Ұлттық құндылық пен руханиятымыздың бастауы кітапта. Кітап оқып өскен өскелең ұрпақ ертең елімізді әлемнің ең дамыған мемлекеттерінің қатарына апаратыны сөзсіз. Ғылыми-техникалық прогресс қаншалықты дамып, адам баласы технологиялық жетістіктерді игеріп, іздеген кітабыңыздың электрондық нұсқасын интернеттен тауып оқыған күннің өзінде де кітапхананың орны бөлек.

Осы арада таяу күндері Президенттің тапсырмасымен Астана мен Алматы қалаларында заманауи жабықтармен

камтамасыз етілген тәулік бойы жұмыс жасайтын кітапханалар салынатын болса, елімізде білімді ұрпақтың жаңа буыны қалыптасады.

Биылғы Ұлттық құрылтайда халқымыздың жалпыұлттық мерекесі өз Наурыздың мәртебесін көтеріп, мазмұнын байыту туралы мәселе айтылды. Сондықтан болар, биылғы Наурыз мерекесі ерекше жаңа үлгіде өтіп, әрбір отбасыда, аулаларда, қаланың орталық саябақтарында халқымыздың ән-күйі мен салт-дәстүрі кең ауқымда насихатталды. Ұлттық киімнің бренд екеніне осы жолы көзіміз жетті. Бұл жерде, әрине, атқарушы билік тарапынан Наурыз мерекесін кеңінен атап өтуге жағдай жасалғаны белгілі. Осылай біз ұлттық құндылықтарымыздың идеологиялық бағдарын айқындадық. Себебі, бүгінгі күнде қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымы мен рухани-мәдени дүниесіне жат діни ағымдардан және жат мәдениетті ұстанушылар тарапынан мақсатты түрде шабуылдар жасалып жатыр. Енді мемлекеттік деңгейде бұл мәселені күн тәртібіне қоймаса, кейін кеш қалып, қолымызды мерзімнен кеш сермеп қалуымыз да ғажап емес. Сондықтан, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Себебі соңғы жылдары ел ішінде қара киініп, тұншаланып жүретін адамдар пайда болғаны баршаныңа мәлім. Олар – бөтен емес, өз азаматтарымыз. Халқымыздың дүниетанымында қара киініп жүру деген атымен болмаған. Бұл – еліктеушіліктен, әсіре-діншілдіктен туған үрдіс. Біз салт-дәстүрімізден ажырамауымыз керек. Радикалды неопиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі құндыларымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек», – деп ашық айтты.

Біздің халқымыз адамзаттың асыл діні исламды өз еркімізбен қабылдағанбыз. Исламды қабылдау барысындағы күрделі қарама-қайшылыққа толы дәуірде адамзат өркениетінің қарыштап өркендеуіне зор ықпал жасаған, түркі дүниесі мен мұсылмандық Шығыстың ұлы тұлғалары – Әбу Насыр әл-Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Ахмет Йүгінеки, Қожа Ахмет Ясауилер тарих сахнасына шықты. Кеңістік пен уақыттың түйіскен тұсы болған тарихи кезеңде дүниеге келген түркі ғалымдары өздерінің ғылыми еңбектерін, шығармаларын араб тілінде ғана емес, өздерінің ана тілі – түркі тілдерінде жазып, араб-парсы мәдениетінің ықпа-

ланын туған халқы қорғап қана қоймай, рухани дүниетанымы мен интеллектуалдық қабілеті кемеліне келген Ұлы даланың қаһармандық тарихын сақтап қалды. Осы кезде түркі халықтарының арасына ислам діні кең түрде бейбіт жолмен тарай бастады. Ал, исламды қабылдаған түркі халықтары оның ілімі мен рухани құндылықтарын жанқиярлықпен қорғай бастады. Бүгінгі күнгі Жаңа Қазақстан қоғамында да діни сана-сезімге еркіндік берілген. Тек заң аясынан шығуға болмайды. Заң бәрімізге ортақ деструктивті ағымдарға мемлекеттік саясат деңгейінде тосқауыл қойылуы тиіс. Себебі, еліміздің рухани құндылықтары бірінші орында тұрады. Конституциямызда «Қазақстан – зайырлы ел» деп жазылған.

Мемлекет басшысы еліміздегі патриоттық тәрбие мәселесінің басым бағытта қала беретіні және оны жүзеге асыруда нақты табанды қадамдардың болатынын жеткізді. Енді күшті құрылымдар мен әскери қызметкерлерге арналған «Ай-бын» орденінің дәрежелеріне халқымыздың қаһарман тұлғалары Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімдері беріледі. Бұл сөз жоқ тарихи әділеттіліктің жүзеге асқаны деп білеміз. Кеңес Одағының зорлықшыл саясатының салдарынан аты аталған батыр азаматтарымыз көзінің бірінде өз дәрежесінде құрметтелмегені бірімізге белгілі еді.

Біздің ең басты құндылығымыз бен ең бірінші жетістігіміз ол – үлгі тәуелсіздігіміз. Қазаққа қасиет деген ұғым бар. Сол қасиет – киелі тәуелсіздігіміздің аясында «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты идеологиямыздың тұжырымдамасы қалыптасады. Әділетті Қазақстанның қоғамды топтастырудағы идеологиялық негізі отаншыл азаматтардың жасампаз еңбегі мен қажыр-қайраты елдің руханияты мен әлеуетті экономикасын дамытуға бағытталады. Дүниетанымының, тарихи зерденің, салт-дәстүрдің, рухани дүниенің, материалдық мәдениеттің, территориялық тұтастығының бір болуы нәтижесінде Әділетті Қазақстанның тұғыры берік болады. Осы арада Атырау қаласында өткен III Ұлттық құрылтайда еліміздің идеологиялық құндылықтары халыққа кеңінен насихатталды және бүгінде ішкі саясатымыздағы басты жетістігіміз азаматтық қағидаларға негізделген қазақстандық бірегейлікті нығайтудың және дамытудың жолдарын көрсете білді.

Нұртас СҒАҒАҒҰЛОВ,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті
тарих факультетінің PhD докторы

Қаржылық қадағалаудың тиімді тетігі

Экономикалық қылмыс көзге көрінбегенмен мемлекеттік жүйені әлсіретіп жіберерлік қатері бар. Қаржылық қарым-қатынас едәуір маңызды рөл атқаратын қазіргі күнде экономикалық қылмыспен барынша сауатты күресу барған сайын өзекті міндетке айналады. Бұл үдерісте құзыреті кең экономикалық тергеу департаменті сынды мамандандырылған органдардың ықпалы елеулі. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында облыс бойынша экономикалық тергеу департаменті ұйымдастыру-бақылау басқармасының басшысы, экономикалық тергеу қызметінің майоры Қуат Ізбанов Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі жөніндегі агенттігі жүзеге асыратын қызмет турасында кеңінен баяндады.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент пәрмені

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін Қазақстан Республикасы Қаржы мониторингі агенттігі құрылды. Атаулы Агенттікті құру қаржылық барлаудың тиімділігін арттыру және көлеңкелі экономикаға қарсы күрес саласындағы жұмысты күшейту қажеттілігіне тікелей байланысты.

Агенттіктің миссиясы – қаржы және экономикалық жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету. Осы бірегей мұраты жолында агенттік қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында бірінші мемлекеттік саясатты іске асыру, экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру, шет мемлекеттердің құзыретті органдарымен өзара іс-қимылды және ақпарат алмасуды жүзеге асырады. Өз құзіреті шегінде облыстардың әрқайсысында аумақтық экономикалық тергеу департаменті бар.

Департамент қызметі

Қаржы мониторингі Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Жергілікті құзіретті орган құрылымына екі тергеу және жедел басқару, штаб, сот-медициналық бөлім, талдамалық даму бөлімі және әкімшілік басқару бөлімдері кіреді. Жедел басқару мен талдамалық әзірлемелер бөлімі экономикалық және қаржылық құқық бұзушылықтардың алдын алумен, қылмыс

түрін, сыр-сипатын анықтаумен, қандай да бір заң бұзушылықты ауыздықтаумен айналысады. Ал, тергеу басқармалары аты айтып тұрғандай, күдік шақыратын істі егжей-тегжейлі тексеру амалдарымен айналысады. Сот-медициналық бөлімі дәлелдемелерді анықтау және бекіту үшін арнаулы зерттеулер жүргізеді. Штаб болса, бөлімшелердің қызметін үйлестіреді.

Қазақстан Орталық Азияда ірі экономикалық мүмкіндікке ие және мұнай, газ және металдардың ірі өндірушісі болып қана қоймай, энергетика, тау-кен өндірісі және туризм сияқты түрлі секторларға шетелдік инвестицияларды белсенді жұмылдырып келеді. Ал, Ұлттық қоры – әлемдегі ең ірі тәуелсіз қорлардың бірі. Сондықтан, мұндай қаражат ағынын сауатты үйлестіріп, заңсыздыққа жол бермеу – әр өркениетті мемлекеттің міндеті.

«АФМ-инсайдер» сияқты телеграм-боттар әзірленіп, іске қосылды. Бұл боттар арқылы елдегі әрбір азамат ақшасын қандай да бір компанияға салмас бұрын, сол компания туралы деректерді тексерсе алады. Осының арқасында былтыр елімізде 29 қаржы пирамидасы жойылып, желіде микрокредит берем деп алдайтын алаяқтардың саны 28 пайыз азайған.

Сондай-ақ, «AMANAT» пар-



Керек кеңес

– Бүгінде виртуалды ғаламның адам айтқисыз ғаламат мүмкіндіктері тосын қауіп-қатерімен қоса келді. Ақшаңызды оңай жымқырғысы келетін алаяқтар саны тіптен көбейді. Сондықтан, аталған жоба аясында халыққа, студенттерге және мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне арналған оқыту іс-шаралары өткізіледі. Бұл ең алдымен қарапайым қаржылық сауатты арттырып, әмияныңызды көлденең кесірден сақтауға сеітседі, – деп қосымшаларды спикер. Тыңдарман қатарында қаржылық проблемалары бар қатысушылар, ірі алаяқтардың құрбандары, бұрынғы лудомандар мен банк борышкерлері бар. Халықтың қаржылық сауатсыздығына байланысты кең таралған мәселе – алаяқтың әртүрлі түрлерінің өсуі. Алаяқтар азаматтардың сенімі мен сауатсыздығын пайдаланып, оларды алдаудың және қылмыстық схемаларға тартудың жаңа тәсілдерін ойлап табады. Құқықтық және қаржылық сауаттылықты арттыру – бұл өте ауқымды және уақытты қызмет, халықтың қаржылық қиындықтарына көмектесетін және жеңілдететін әлеуметтік миссияның бір түрі.

Қорыта айтқанда, экономикалық тергеу департаменті қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуде және экономикалық қылмыстарға қарсы тұрауға маңызды рөл атқарады. Оның тиімді қызметі қолайлы экономикалық ахуал құруға және мемлекет пен азаматтардың мүдделерін қорғауға игі ықпал етеді.



Өткен кезеңде...

– Салалық ведомство іс айналымында 81 іс тіркелсе, оның 55-і өндіріске қабылданып, нәтижесінде 42 іс сотқа жолданды. Ал, тергеу амалдарының нәтижесінде мемлекетке 639 миллион теңге қайтарылды, – деп мәлімдеді Қуат Ғалымұлы.

Бұдан өзге

Департамент қылмыстық істерді қарастырудан басқа, құқық бұзушылық атаулысының алдын алу бойынша кешенді істермен қатар айналысады. Осы жұмыс шеңберінде экономикалық және қаржылық заң бұзушылыққа бағытталған «Байқа, пирамида»,

тиясымен бірлесіп, халықтың қаржылық және құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Қарызысыз қоғам» жобасы іске асырылу үстінде. Сондай-ақ, облыста кәсіпкерлер палатасымен «Бизнесті қорғау» жобасы аясында кәсіпкер керек кеңесін алатындай мүмкіндікке ие.



• 27 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕАТР КҮНІ

Сахна бәйгесінде қара үзген актер

Театр сахнасындағы әр кейіпкердің өз шыңдығы бар. Ал, актер өзі сомдаған кейіпкердің шыңдығына терең үнілетін сырласы іспетті. Бір-біріне кейде ұқсас, кейде мүлде алшақ образдарды сомдау үшін оны мұқият зерттеу керек. Кейіпкер болмысындағы кей қасиеттер актердің де бойында болса, тіпті, тамаша. Қарағанды облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының актері Айдос Нұрмағамбетов өзі сомдаған кейіпкерлердің ішінде Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббат» пьесасындағы Айбардың адамдарға жақсылық ойлап тұратын тілеулістігі, жан баласына жамандық ойламайтыны өзіне ұқсайтынын айтады.



дегенде кейіпкерді анық зерттей бастайсың. Оған өзіне тән әдеттер сіңіріп, образын қалыптастырамыз, сол арқылы роль сіңеді. Алғашқы қойылымда актердің бойына роль толық сіңе қоймайды, ол уақытпен келетін дүние. Образ ойнаған сайын ашыла түседі.

Актер мен кейіпкердің ұқсастығы сөз болғанда Айбар мен Айдостың әншілігін айтпай өтуге болмас. «Қош, махаббат» қойылымының өне бойында Айдос Нұрмағамбетов орындаған «Мен деп ойла» әні Арқа тындарманының жадында жаңа леппен қайта жаңғырды десек артық айтпаймыз. Бұл – Айдос Нұрмағамбетовтің алғаш Ақтөбедегі Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық колледж қабырғасында әншілік өнерді жетік меңгергенін аңғартады.

Айдос бір жыл бұрын Сәкен театрында құрылған ұлттық және симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен әнші Рысты Рақымжанмен бірге концерт берген еді. Кәсіби маманның жанды да-

терін төгіп биік белеске жеткен әрбір тұлғаны құрметтеймін, сондай азаматтардан үлгі алуға тырысамын», – деп жауап берді

Ол «Бала күнімде екі арманым болды», – дейді. Бірі – футболшы, екіншісі актер болу екен. Ахмет Жұбанов атындағы музыка колледжінің қабырғасында әншілікті меңгеріп, оны бітірген соң Астана қаласындағы Шабыт университетінде театр және кино актері мамандығын Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Әлімбек Оразбековтің класынан игерген.

«Дәл осы рольді ойнасам деген нақты арманым жоқ, дегенмен жағымсыз кейіпкерлерді ойнағанды жақсы көрем, себебі онда белгілі бір шектеу жоқ», – деген кейіпкеріміз театр сахнасында жағымды рольді сомдау, оның ішінде портреттік тұлғаларды сомдау қиын екенін айтады.

Дегенмен, Айдос Нұрмағамбетов сомдаған Әлихан бейнесі Арқа көрерменіне жақсы таныс. Ол сомдаған Әлиханда Айбардағы жұмсақтық пен Тағандағы бойкүйездіктің иісі де жоқ. Тегеурін мықты, мақсаты анық, қадамы нық, ойы озық Әлихан болмысын актер әбден бойына сіңірген. Оған қойылымның көрермен көңілінен шығып, үнемі аңшап өтуі дәлел бола алады.

«Атау кер» спектаклінде де әр кейіпкердің өз шыңдығы, өз мінезі болғанымен, Таған алға суырылып шығады. Әрине, оған спектакльге арқау болған «Неге біз осы?..» сауалының Тағанның аузымен айтылғаны әсер еткені анық. Десе де, қоғам шыңдығын жан-тәнімен сезіну, оны өз ойындай жеткізу әрі оған көрерменді сендіру оңай емес.

Я Әлиханға, я Тағанға ұқсайтын Айбар «Қош, махаббаттағы» екі жастың тілеуін тілеген жанашыр бола жүріп, өзі де байқамай бас кейіпкерге айналып кеткендей. Тіпті, екі жастың өз махаббаты алдындағы жауапкершілігінен Айбардың тілеулістігі күшті ме, деп қалатыныңыз да рас. Оған әрине, кейіпкерге басымдық берген автормен қатар рольді сомдаған актердің шеберлігі ықпал ететіні анық.

Соңғы бірер жылдың мұғдарында Сәкен театрының актерлік құрамына көптеген актер қосылды. Өткен жылдың өзінде 30-ға тарта жас актер мен режиссер, суретші мамандығын меңгерген жастар қабылданды. Олардың әрқайсысы өнер ұжымының ісін ілгерілетуге үлес қосатыны анық. Ал біздің мақалаға арқау болған актер Айдос Нұрмағамбетов сахна дейтін сиқырлы саладағы бәйгеде қара үзіп алда келеді.

Назым ДУТБАЕВА

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

Олжа Оманның ғана емес...

С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры өткен жылды табысты әрі жемісті шығарып салды. Оман сұлтандығының астанасы Маскат қаласында он күнге жалғасқан Алдин халықаралық театр фестиваліне Сәкен театрының жанынан құрылғанына үш ай ғана болған Қуыршақ труппасы өнер көрсетіп қайтты.



Сурет ашық деректен

«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» халық ертегісінің желісімен қойылған қуыршақ қойылымы «Үздік сахналық костюм үшін» жүлдесімен марапатталды. Қоюшы режиссер, әрі костюмдер, сахна мен қуыршақтар эскизін жасаған Айдын Салбан бастаған жас әртістер Маскатта алған жүлделері туралы сұйіншілеп айтқысы келмесе де, Тунис, Кувейт, Ирак, Иран, Марокко және басқа да мұсылман араб елдерінің байырғы театрлары қатысқан бәсекелі жарыста биіктен көріну жас ұжым үшін мәртебе болғаны аян.

Жас әртістердің әрқайсысы сахнада үш бірдей қуыршақпен жұмыс істеп, үш рөлді сомдап шыққан. Ал, спектакльдегі 11 қуыршақты Айдынның жетекшілігімен әртістер жасағанын айтуымыз керек.

Оманға сапар алдында Сәкен театрының Қуыршақ труппасы Алматыда өткен Almaty Puppet Festival I халықаралық фестиваліне осы аталған қойылыммен қатысып, «Үздік сценография үшін» жүлдесін еншілеген болатын.

Сондай-ақ, Сәкен театрының шығармашылық тобы Алматыда өткен Жас театрлардың (режиссерлердің) I республикалық фестиваліне Вахтангов театрының режиссері Гүлза Балпейісова қойған «Қарагөз» спектаклімен қатысып, 30 қойылымның ішіндегі үздік 8 қойылымның бірі атанып, жүлдеге ие болып қайтты. Жетісу төрінде аңыз актриса Бикен Римованың 100

жылдығына арналған BIKEN I халықаралық театр фестиваліне О.Бөкейдің «Атау кер» шығармасы бойынша қойылған спектакльмен қатысып, «Үздік режиссура» жүлдесін жеңіп алды. Талдықорғаннан кейін іле-шала Қызылжарда белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргеновтің 125 жылдығына арналған Қазақстан театрларының фестиваліне де осы қойылымды алып барған театр ұжымы «Үздік сценография» жүлдесін қанжығасына байлады. Сондай-ақ, Астанаға гастрольдік сапармен барып, елорда көрермендерінің қошеметіне бөленіп қайтты. Күніне екі-үш қойылымның барлығы да аңшап зал толы көрерменмен өтті, театр репертуарындағы «Үлтқа қызмет», «Текебұрқақ», «Айналайын», «Атау кер» спектакльдері мен балаларға арналған ертегі қойылымдарын астаналықтар ыстық ықыласпен қабылдады.

Ал, жыл басында Сәкен театрының шығармашылық ұжымы Түркияның Кониа, Трабзон қалаларында өткен халықаралық фестивалдерге шақыртумен барып, Ш.Мұртазаның «Текебұрқақ» әңгімесінің желісімен қойылған пластикалық-морфоз экспериментальды спектаклін көрсетті. Сәкендіктер Түркия фестивалінің арнайы сыйлығымен марапатталды.

Сағат БАТЫРХАН, халықаралық журналист

Ал Оралхан Бөкейдің «Атау кер» повесінің желісімен қойылған спектакльдегі Тағанды «жаратылысы бөлек, жаны нәзік, шыншыл, қоғамдағы әділетсіздікке төзе алмай сынып кеткен тұлға» деп санайды. «Таған – әділдікті аңсаған кейіпкер. Пендеміз гой, көп жерде ойымызды бүгін қаламыз, үндемейміз, осы тұрғыдан келгенде көрермен Тағанның жанын жақсы түсінеді», – дейді актер.

Айдос Нұрмағамбетов Сәкен театрына 2021 жылы келді. Осы уақыт аралығында ол Қ.Жүнісовтің «Үлтқа қызметінде» – Әлихан Бөкейхан, Мұқағали Мақатаевтың «Қош, махаббатында» – Айбар, Оралхан Бөкейдің «Атау кересінде» – Таған, Е.Жуасбековтің «Үйлену» комедиясында – Терек, К.Жұмабековтің «Рақымжанның Қасымында» – Қасым, Б.Абдуразақовтың «Айналайында» – баласы, «Гедда Габлерде» – Эйлерт Левборг ролін ойнады. Сонымен бірге Сәкен театрының қуыршақ труппасының ертегі қойылымдарында бірқатар рөлдер ойнап, бүлдіршіндерді қуантып жүр. Көрермен қозғаймына айналған актердің Арқа сахнасындағы еңбегі еленіп, Қарағанды облысы әкімінің өнер мен мәдениет қызметкерлеріне берілетін «Алтын қобыз» сыйлығын иеленді.

Театр сүйер қауым актерлерді – сахна патшасы деп әспеттейтіні тегін емес. Себебі қойылымда айтылар ойдың халыққа дөп же-



туі актердің шеберлігі мен ролді бойына әбден сіңіргеніне байланысты.

Бұл тұрғыда Айдос Нұрмағамбетов «Роль ойнаған сайын ашыла түседі», – дейді.

– Рольге дайындықтың ұзақтығы спектакльдің сахнаға шығатын күніне байланысты. Режиссер шығарманы оқуға ұсынғанда бізге нақты қай рольді беретінін айтпайды. Шығарманы оқып шыққан соң немесе талқылау кезінде кейіпкерлердің мінез-құлқы мен локаниялар көз алдына келе бастайды. Режиссер «Мына рольді саған лайық деп отырмын, қарап көр»,

уыстағы әндерін көрермен жылы қабылдады.

Өнердегі ұстазы жайлы сауалымызға актер «Жалпы, өз бойындағы бар білімді, өнерді, жақсылықты балаға сіңіре білген адамның барлығын ұстаз деп қабылдаймын. Әрине, бірінші кезекте ата-анамның үлгісін ұстаздықтың бастауы деп білемін, оны ешқандай мектеп бере алмайды. Одан соң, өнер жолына түсуіме себеп болған адамдардың барлығын ұстаз тұтам. Олардың әрқайсысынан алған тәлімім, білімім мені осы күнге жеткізгені анық. Өнер жолында шын еңбек етіп, маңдай

Сахна саңлақтарының салтанаты

Әлемде жанкүйері жоқ нашар театрды немесе актерді көрген жоқпыз. Өнерге адал қызметкерлердің барлығы қашанда құрмет пен қошемет құшағында. Сондықтан да болар, театр – келешегі бүгін мен ертеңге тәуелді, өлмес орта.

Беззат өнерді ұлықтаушылар жыл сайын Халықаралық театр күніне орай кәсіби мерекесін атап өтеді. Салтанатты шара С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театрында өтті.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Театрдың қарқынды дамуын өнер үшін жанын салған қызметкерлерінен көруге болады. Мәдениет ошағын ұжымдық өнерге балап, мамандығына жан-тәнімен берілген олар кәсіби мерекесінде де жұмыс істеп сахнада жүрді. Театр өнерін көрсетуші және оны көруші көрермен барда ешқашан өлмейтініне көз жеткіздік. Ұлт құндылықтарын насихаттап, тағалымы мол дүниені көрермен назарына ұсынып жүрген сала қызметкерлерінің ұлттың рухани темірқазығын сақтаудағы үлесі ерекше екеніне куә болдық.

«Егер де мен...» салтанатты кешіне облыстағы 4 театрдың қызметкерлері тегіс жиналыпты. Әртістер өңірдегі театрлардың құ-

рылған кезеңінен бастап, бүгінге дейінгі жаңалықтарын қойылым арқылы ұсынды. Сахнаны көркемдеген актерлер алдымен Өнер анасын сомдап, ежелгі театрдың ерекшелігін көрсетті. Мерекелік кеште актерлер жазушылар шығармаларынан үзінділер келтіре отырып, ұлттық мәдениетімізді ұлықтаған заңғар тұлға – Мұхтар Әуезовті, қазақ сахна өнерін әлемдік деңгейге көтерген – Әзірбайжан Мәмбетовті және актерлік өнердің хас шебері Константин Станиславский бейнесін әсем сомдады. Әуезовтің өзі шығармаларын сахналаған алғашқы жылдары сандық ішінде жатып суфлер болғанын да тілге тиек еткен әртістер, XX ғасыр басында Әуезов бастаған қазақ зиялылары қазақ мәдениетін дамыту әрі сақтау мақсатында алғаш театрдың негізін қалағанын атады.



Театрды дамытуда К.Станиславский құрған жүйе әлі күнге дейін оқылып, зерттеліп келе жатқанын алға тартқан қызметкерлер өнер ошағының қазіргі жай-күйін көркем өнердің жетегіне салып, назарға ұсынды. Осылайша өмір мен тіршіліктің айнасына айналған сымбатты өнердің қыр-сырына үңілді. Теміртау қаласының

балалар және жасөспірімдер театрының трагедия, комедия, драмаға ұласқан қойылымы қошеметке бөленді. Кештің әлқиссасын көңілді қойылыммен ашқан жастар жұрт жақсы көретін комедияны ұсынды. Қарағанды академиялық музыкалық комедия театрының көрінісі де театрдың жүгін арқалап жүрген техникалық

қызметкерлер еңбегін көрсетті.

Төл мерекесінде еліміздің мәдениет, руханият саласында тынымсыз еңбек етіп жүрген театр қызметкерлері Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының марапатына бөленді. Жанкүйерлер көрерменіне жарқын көңіл құй мен шабыт сыйлап жүрген сахна сардарларына құрмет көрсетті.

Ресми дерекке сүйенсек, қазір-

гі таңда Қазақстанда 65 театр жұмыс істейді. Оның 55-і мемлекет меншігінде. Тәуелсіздік жылдары елімізде 21 мемлекеттік театр ашылып, 11-не заманауи жаңа гимарат салынды. Соның бірі – С.Сейфуллин атындағы Қарағанды облыстық академиялық қазақ драма театры.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ТҰЛҒА

Қазақ жастарының қамқоршысы

Қарағандының индустриалды-өнеркәсіптік және экономикалық саласына ғана емес, сонымен қатар, ғылыми мен медицинасы жоғары деңгейде дамыған. Осы орайда өмірін өмірдің қарыштауына арнап, кейінгіге үлгі болған жақсының жақсылығын айтып, өзгелерге өнеге қылу – парыз.

Облыстың денсаулық саласының өркендеуі жолында Қарағанды медицина институтының іргетасын қалаған тұңғыш ректор – Петр Поспеловтің еңбегі ерен.

Петр Моисеевич көптен көргендігімен, жоғары медициналық мектептің даму перспективалары мен болашағына деген айрықша көзқарасымен ерекшеленді. Қазақ тілін жетік меңгерді. Көзін көргендердің айтуынша, Петр Моисеевич «Егер сен өзін мекендеп жатқан халықты құрметтесен, онда оның тілін білуің керек» деген ұстанымда болатын.

Ұлттық медицина кадрларын даярлауға ерекше талаппен қарады. Қазақтар арасында шексіз құрметке ие болды. Мәселен, 1950 жылы Қарағанды облысында қазақ дәрігерлер саны тек 8 адамды құрады. Ал, 1973 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтына қабылданған 7 726 түлектің 2 184-і қазақтар еді. Осылайша саналы ғұмырын дәрігер мамандар даярлауға арнады.



КММИ-ге ҚазКСР Денсаулық сақтау министрі Төрегелді Шарманов келгенде (оң жақта)



Кешкі бөлім студенттерімен бірге

1933-1950 жылдар аралығында қатардағы аурухана дәрігері, бөлім меңгерушісі, бас дәрігер, облыстық денсаулық басқармасының басшысына дейін көтерілді. Ал, 1950-1974 жылдары Қарағанды мемлекеттік медицина институтының ректоры қызметін атқарды. 70-тен астам ғылыми еңбектің авторы атанды.

Петр Поспеловтің соғыс жылдарында Қарағандыда эвакогоспиталь тобын басқарғанын айта кеткен жөн. Оқу үлгерімі жақсы, қоғамдық жұмысқа белсенді қатысып жүрген қазақ жастарын институтқа оқытушылық жұмысқа қал-

дырып, аспирантурада ғылыми жұмыстармен шұғылдануларына жол ашты. Медицина саласында үлкен жетістіктерге жетіп, қазақ медицинасының өркендеуіне үлкен үлестерін қосқан профессорлар – А.Рахмиев, Т.Сейсембеков, Ғ.Құлқыбаев, Е.Сраубаев, Қ.Елеуов, З.Шайыхов, М.Тұрғынов, С.Қойшыбаев, М.Айтқұлов, А.Баширов, Қ.Алиханова білікті дәрігерден тәлім алған. Осылайша үздік шәкірт дайындаған ерекше ұстазға облыстағы денсаулық сақтау ісінің дамуына қосқан еңбегі мен белсенді ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметі үшін «Қа-

рағанды қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Поспеловті көптеген студенттер әкесіндей құрметтеген. Бірде 5-курс студенті А.Рахмиевті ректор кабинетіне шақырып алып, қазақ мектебін бітірген

де толқып тұрып айтып еді. Бүгінгі таңда Назарбай Орманов – медицина ғылымының докторы, Шымкент медициналық университетінің кафедра меңгерушісі.

Петр Моисеевичке менің де әке-шешем батасын беріп отыратын.

Профессор Ермек Сраубаевты «Қызыл дипломмен бітіріп отырсың, сен ғылымның адамысың», – деп, Мәскеуге аспирантураға жіберген. Кейіннен ректордың осы сенімін ақтап, докторлық диссертация қорғап, өзінің бітірген институтында кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Жастар тарапынан орын алған бұзақылықтарға кешіріммен қарайтын. Үнемі «Сендерді ауылда әке-шешелерің күтіп отыр, сенімін ақтауға тырысуларың қажет» деп кеңес беретін.

Осы естелікті жазып отырған сәтімде Шет ауданының Құрметті азаматы Марат Түсіпов былай деп еді: «Поспеловті Шет ауданының тұрғындары аңыз ғып мақтап айтады. Мына бір оқиға әлі есімде. Ауылдың бір адамының қыз баласы осы институтқа оқып жүріп, емтиханды «3» деген бағаға тапсырып, стипендиядан айырылып қала жаздаған жерден П.Поспелов қол ұшын созып, стипендиямен оқуына себепкер болған».

Ректордың қазақ балаларына қамқорлығын көпшілік аңыз қылып айтады.

Қарағандының 90 жылдық мерейтойында Қарағанды медицинасының және медицина институтының іргетасын қалаған адамдарды жадымыздан өшіруге болмайды. Ректор институт қабырғасында жүргізілетін көптеген үйірмелердің барысын өзі барып, бақылап, жатақхана жағдайына алаңдаушылық білдіріп, студенттердің жай-күйін назарында ұстаған. Тіптен, қолында көп мүмкіндік тұрса да, институт бітірген ұлы Бористі Бұқар жырау (бұрынғы Ульянов) ауданының бір ауылына жұмыс істеуге жіберді. Бұл – ректордың қарапайымдылығынан.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді». Ректор Петр Поспеловтің қазақ жастарына жасаған қамқорлығы – жадымызда. Әрине, ұрпаққа аңыз қылып айтып жүреміз.

Аманжол НҮРБЕКОВ,
Қарағанды жоғары медициналық интерколледжінің директоры.
Денсаулық, білім беру және ғылым ісінің үздігі, медицина ғылымдарының кандидаты
Суреттер Қарағанды Медицина университетінің архивінен

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Өнер ізгілікке үндейді

Наурыз – баршаға! Қараған кентіндегі №29 түзету мекемесіндегі жазасын өтеп жатқандар Ұлыстың ұлы күнін атап өтті. Мерекелік шара барысында арқан тартыстан, кір тасын көтерумен, асық ағудан сайыстар ұйымдастырылды. Өнерілері гитаралармен, басқа да аспаптармен ән шырқады. Осылайша, түзету мекемесінің ішін көктемнің иісі жайлады.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түзету мекемесінің ішіндегі мерекелік шараны тамашалау үшін бір топ тілшілер қатысты. Мекеменің концерт залына жазасын өтеп жатқандар лық толды. Әуелде бәрі бір сарында өтеді деп күткеніміз жасырын емес. Бірақ, қарапайым арқан тартыстың өзі тартыспен өрбіді. Қос тарап бір-біріне лайықты қарсылық көрсетті. Ал, залдың ішін жанкүйердің қиқуы басты. Біз де қиқуға қосылдық. Керемет эмоция сыйлады. Осы сәтте қарапайым дүниелерге шын қуана алудың мәнісін түсінгендей болдық. Кір тасын көтергенде де жанкүйерлердің қолдауы бәсеңдеген жоқ.

Спорттық жарыстардан кейін сахнаға әншілер қауымы шықты. Жанды дауыста халық әндері шырқалды. Тіпті, үнді мен түрік тіліндегі атақты әндерді киналмай айтып шықты. Кәсіби деңгейде орындалды десек, артық мақтағанымыз емес. Жазасын өтеп жатқандар әнді сағынса керек, барлығы қосылып шырқады. Өнерпаздарды сахнадан жібергісі де келмеді.

Түзету мекемесінде өнерін шыңдаймын дегендерге мүмкіндік мол екен. Мәселен, концерт залына орналастырылған музыкалық аспаптарда ойнауға, үйренуге, немесе, шеберлігін шыңдауға жағдай жасалған. Өнер арқылы адамды ізгілікке баулуға болатынын айтады мекеме басшылығы.

– Өнер үйренемін дегендердің бетін қақпаймыз. Әнді керемет шырқайтын, аспаптарды еркін меңгерген таланттар баршылық. Олар осында үлкен беделге ие. Ән шырқап, жабыққан жаныңды жадыратса, неге құрметтемесек?! Мерекелік шаралар кезінде ұйымдастырылған концерттерді өзін де тапжылмай тамашалаймын. Жан әлемің сергіп, бір демалып қаласын.

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күнімен құттықтаймын! Жаңа жыл халқымызға жақсылығымен, берекесімен келсін! – деді түзету мекемесі бастығының орынбасары әділет майоры Жансейіт Әбілқасымов.

Жаңа маршруттар жолға шықты

Кәсіпкерлікті қолдау



Абай ауданында автобус паркі жаңартылды. Жеке тасымалдаушы аудандық және ауылдық бағыттарға қызмет көрсету үшін сегіз жаңа автобус сатып алды. Автобустар «СемАЗ» зауытында жиналған. Олардың жетеуі Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы, біреуі тасымалдаушының қаражаты есебінен сатып алынды. Олар қазірдің өзінде бес ауданишілік, бір қала маңындағы және екі қала ішіндегі маршруттарда.

– «СемАЗ» өндірушісінен сегіз автобус сатып алынды, оның бесеуі ПАЗ маркалы және үшеуі – Газель. Жаңа автобустар бағыттарға шығарылды. Сондай-ақ, тәжірибелі жүргізушілерді жинадық. Бұл көрсеткіштің қызметтердің сапасын жақсарттады деп үміттенеміз, – деді автопарк директоры Бүркіт Мұқатаев.

Жаңа автобустар бейнебақылау жүйесімен жабдықталған, кабинада дабыл түймелері бар, ал сыртта жүргізушінің қозғалу мүмкіндігі шектеулі жолаушылардың көмекке шақыруына арналған түйме

бар. Сондай-ақ, автобустар мүгедектер мен арбалары бар аналарға арналған пандустармен және арнайы орындармен жабдықталған.

Ескі автобустарды тасымалдаушы Топарда пайдаланбақшы. Олар елдімекеннің бір бөлігінен екінші бөлігіне жетуі үшін ауыл ішінде жүреді. Болашақта тасымалдаушы жылжымалы құрамды жаңарту бойынша жұмысты жалғастырмақшы.

Өз тілшімізден



Сурет облыс заңнамагерінің сайтынан

• ОЛИМПИАДА

IQanat дарындарын іздейді

Ауыл балаларының әлемдік үздік білім ордаларында білім алуына мүмкіндік беріп, оқу ақысын төлейтін IQanat олимпиадасының екінші кезеңі өтуде. Сайыста бақ сынасқан 10 мың ауыл баласы арасында 200 қарағандылық бар.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

IQanat халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан, көпбалалы және толық емес отбасылардың балаларына сапалы білім алуға мүмкіндік береді. Олимпиаданың финалына өткен ауыл оқушылары Қор гранттарына үміткер бола алады. Жыл сайын олимпиада Қазақстанның барлық өңірінде өтіп, 60 мыңға жуық ауыл оқушысын қамтиды. Екі кезең қорытындысында ақтық сынға басқалардан озған дарынды 1000 бала өтеді. Финансистердің бір бөлігі Бұрабайдағы IQanat мектеп-пансионатына тегін оқуға, ал, екінші бөлігі – Олимпиададан кейінгі ұшжылдық тегін қолдауға қабылданып, балалар ҰБТ-ға, халықаралық емтихандарға қарқынды дайындалады және ағылшын тілін зерделейді.

Қор кез келген «Лига плюща» университетінде бакалавриатқа түскен мектеп оқушыларының шығындарын 100%-ға жабады. Бағдарламада тек оқуды ғана емес, сонымен қатар, студенттердің бүкіл оқу кезеңінде тұруын, тамақтануын және жол жүруін қаржыландыру қарастырылған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, IQanat Қазақстан ауылдарындағы дарынды балаларға білім беру жолындағы қаржылық және әлеуметтік кедергілерді жоюға күш салады.

– Елдің шалғай өңірлерінде, алыс ауылдарында небір дарынды да талантты балалар барына анық сенеміз. Олар мысалы қатерлі ісікке қарсы дәрі-дәрмекті ойлап табуға және тұтас әлем мен елді басқаруға және миллиардтаған долларлық стартаптарды әзірлеуге қабілетті болуы мүмкін. Мұндай жауһарларды тек іздеп тауып, содан кейін жақсы білім түрінде демеп жіберу жеткілікті. Кез келген айқанаттық өреннің «Лига плюща» құрамына кіретін оқу орындарында білім алуын төлейміз дегенде, біз бұл әлемде



Сурет ашық деректен

балалардың қолы жетпейтін ештеңе жоқ екеніне сендіргіміз, бойларындағы үрей мен қорқынышты жеңуге көмектескіміз келеді. Қор мүшелері – біздер болашақта IQanat табалдырығынан қарапайым ғана ауылдың қарадомлақтары Гарвард пен Йель түлегі болып ұшып шығатынына күмәнданбаймыз, – дейді IQanat жобасының бастамашысы Айдын Рахымбаев.

150-ден астам қазақстандық көсіпкер қолдайтын әлеуметтік-білім беру жобасының екінші кезеңі белгілі пәндерге бағытталған. Алдымен оқушылар математика, физика, биология, химия, Қазақстан тарихы және география пәндерінің бірі бойынша тестілеуден өтеді. Сонымен қатар, қатысушылар математикалық сауаттылық, логикалық және сыни ойлау бойынша міндетті тестілеуден өтіп, ағылшын

емес, нағыз балалар слетіне айналып үлгерді. Балалар үшін жігерлендіруші дәрістер, әсіресе, мақсат қоя білу, қаржылық және медиа сауаттылық, спорт және ойын-сауық іс-шаралары да ұйымдастырылуда.

Эстафеталар, үстел ойындары бойынша сайыстар, квидзар, викториналар, дискотекалар, кинотеатрларға бару және тағы басқа қызықты шаралар өтуде. Екінші кезең ақтық сынға өтетін және жоғары оқу орындарына IQanat грантына үміткер болатын балаларды анықтайды.

Қарағанды облысындағы IQanat жобасының қамқоршылары қатарында қоғам қайраткерлері мен кәсіпкерлерден құралған Асхат Омаров, Мадияр Мизамбаев, Евгений Мельников, Ернұр Жақсылықов және Айдос Мұқатаев бар.



• ҰЛТ ПЕН РУХ

«Ойлап тапқан кім бұл қара өлеңді...»

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ,

ақын, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Поэзия патшалығында

Жоқ еді ку дүние, ақша «жыры...», Олжастың көкті жарып асқақ үні – Мына аспан, мынау дала қиыры жоқ, О кезде Поэзия Патшалығы!

Жақсының жан сүйсінтер сөзіне еріп, Жаманнан жау көргендей безіп едік. Шәмшінің вальсіне үйіріліп, Қадырдың «Ой орманын» кезіп едік.

Тұрсақ та түнде шошып, азан да бұл, Ескен жел, көшкен жұрт та* назарда жұр. Бар еді бір-ақ қана кәстөм-шалбар, Зар еді пасық біткен базарға бір!

Қазтуған шықпай түнде түсімізден, Айылы жиган көрсе кісі бізден. Олжастың «Аз И Я»-сын ұрлап оқып, Қыстығып жүрген кез-ай, ішімізден.

Құдай-ау, осы менің не тірлігім, Дәл сондай жарық емес бетім бүгін. Бұл елге басқа белдеу, бөгде жұрттан, Келген бір эмигрант секілдімін.

Бұл елден мен туған жұрт басқа, мүлдем, Қайда Олжас бізді оятқан асқақ үнмен?! ...Ғазалды өзегімнен өріп шыққан, Базарға ауыната бастадым мен...

Бү жұрттан мен туған ел мүлде бөлек, Мағжандай қанат қағып Күнге кенет, Керемет Ғұн елінің сыйқырымен, Кетейін мұны да жыр, гүлге бөлеп!

Бү жұрттан мен туған ел, мүлде бөлек... *Тұран, Алтын Орда империялары. 21.01.2019 ж

Басыннан бұлдыр-бұлдыр сағым... Өтті! Бү Дүние – Махаббат һәм Ғадилет-ті. Хикметін Алланың тәрк қылған, Пенде деген, қайтейін, лагнетті?!

Хикметіне Алланың қанбас жүрек, Ғаламзаттың қабағын қан басты кеп. Адамзаттың алдына бара-бара, Адастым мен, Алжастым, Албасты боп!

Өмірім де – өтірік, Неге бәрі – Жалған мына жалғанда өлең әрі?! Құран алып қолыма, тасбих ұстап, Мен де Алланың алдына келем әлі.

Енді қайтып бұ жаққа оралмасқа, Болмау үшін босқа зуре бола алмасқа, – Кетсем кетем Алланың алдына мен. Барар жерім қалмады одан басқа.

Басыннан бұлдыр-бұлдыр сағым... Өтті! Бү Дүние – Махаббат һәм Ғадилет-ті. Хикметін Алланың тәрк қылған, Пенде деген, қайтейін, лагнетті?! 02.05.2018 ж.

Логика

Маған да ақыл қонбады. Таңдаулының несібесі-ау ол-дағы?! «Логика» деп аталатын бір пән бар, Сорлы басым соны ұға алмай сорлады.

Мен де өзімше несібемді теріп ем, Ит тірліктің жүріп қия, өрімен. Ми үнсіз ғап, жүрек сайрап тұрған соң, Көретұғын көресінді көріп ем?

Түспеген соң басына оны сенбейді ел. Есебі жоқ есіктерден енбейді ол! Логикасы жоқ болған соң мында, Лирикаға кетеді екен мендейлер.

Безем одан, бездім, бездім, бездім мен! Кеш қалсам да, қайтем, безер мезгілден?! Лирикадан жетпіс белден асқанда, Логиканың жақсы екенін сездім мен.

P.S. Әлі де кеш емес, меніңше. 13.04.2021 ж.

Ұстамаптын машинаның рөлін, Рахат қой, жаяу өмір сүремін. Менің оған шыдамайды нервим мен Жүрегім!

Ішіп алған біреу сыра, бозаны, Қайтем де бір мені басып, озады. Алағаяқ тоқтатады, сол кезде, Ұйықтап жатқан кәрі жыным қозады...

Жалған дүние қызыл-жасыл жасанып, Жүру-дағы қиын боп тұр бас алып. Әлем қазір мүлде бөлек, қауіпті, Әйелзаты бара жатыр жасарып!

Бұдан да әрі жасарады ол әлі, Сонда арқана күнде аруақ қонады! Жолды кесіп кетпегей сол арулар, Өтсе-ақ бітті, авария болады.

Ұстамай-ақ, сол пәленің рөлін, Жаяу Мұса құсап өмір сүремін.

Қазақтың айбоз ақыны, халық-аралық «Алаш» әдеби сыйлығының, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қарағанды қаласының Құрметті азаматы Серік Ақсұңқарұлы ертең 74 жасқа толады. Қазақ поэзиясы дәуірлеп тұрған ХХ ғасырда Қасымнан (Қасым Аманжолов) кейін Арқадан жарқ етіп шыққан Серік Ақсұңқарұлы бұл! Туған күні қарсаңында ақын өлеңдерінің топтамасын жариялап отырмыз. Қабыл алыңыз, қадірлі оқырман!

РЕДАКЦИЯДАН

Менің оған шыдамайды нервим мен Жүрегім...

13.04.2021 ж.

Аға

Қуанышбай Құрманғалиға -1-

Мағынасы өмірдің, мәні осында. Зәмзәмға емес, тәнті боп қара суға, Менің күллі құмырым өтіп жатыр, Шыбындар мен араның арасында.

Ділді қайтсін? Діні де тілге қонып, Біреу жүрсе, үлде мен бүлде болып, Қуанышбай дейтұғын бір көкем бар, Жүретұғын арадай гүлге қонып!

Мен сорлыға қияда Қырымдағы, «Құлыным!» деп қаншама шырылдады? Гүлге қонып, шырыннан бал соралды Бокка қонып жатқанда шыбындары.

Шыбын-шіркейлермен сол алыса алмай, Тек бер жақта, аржаққа барыса алмай, Ара болып туған соң арып-аршып, Бал сормаса, басынан бақ ұшардай!

Мағынасы өмірдің, мәні осында, Зәмзәмға емес, тәнті боп қара суға, Менің күллі құмырым өтіп жатыр, Шыбындар мен араның арасында...

-2-

Мен де арамның гүлді іздеп сарынаған, Тағына алаң, гүл дейтін бағына алаң. Балсырап бір жүргенде жыныма кеп, Біреу келіп тисе егер шағып алам! Бал сорғанда арадай желігіп ем, Мәжүндідей ынтығып, беріліп ем. Жақсылардың жанынан сордым балды, Сұлулардың шиесі ерінінен!

Муза маған жолығып күнде келіп, Үсті-басы үлде мен бүлде болып; Баладайын балқимын неге осы мен, Арадайын мээ болған гүлге қонып?

Күнде болған бұ қызық, түнде болған, Қарғайдайын кірге һәм күлге қонған, Қарқ-қарқ етіп жүргенше біреулердей, Арадайын ғажап қой гүлге қонған!

Гүлмен бірге түнде һәм күнде болып, Көзім алды үлде мен бүлде болып, Қайтып келіп, қара өлең, саған берем, Жинап алған балымды гүлге қонып!

Жоламын со кезде жаныма адам, Шағып алам! Омартаның маңында ойбайлаған, Түсінікті араның халі маған...

13.04.2021 ж.

Шір

Д.Б.

Ей, Дәурен-ай... Ит-тіршілік талаған! Атадан – алтау, бесеу едім анадан. Тыр-жалаңаш шешіндіріп бір кезде, Мені-дағы ол сабаған...

Қара өлең бұл – қара тағдыр, қыстаған, Қасынан – шер, басынан – сор ұшпаған. Мен де, жаным, Мұқағали дейтұғын, Пірдің қолын ұстағам!

Халық қайда, тобыр неге құтырды, Құтырды да құртты-ау, күллі құтымды. ...Өксігінді өлеңге төк, бауырым, Мұқағали дейтін Пірің сықылды.

Жырқ-жырқ етіп көппен бірге күле алмай, Сүйе алмай һәм қасында оның жүре алмай, «А» дегенде жалын шығып аузымнан, Айхой, дәурен сүре алмай!

Содан көктеп, өстім бе? Өкінгенмен енді, әрине, кеш, мүлде. Өксігінді өлеңге төк, бауырым, Керегі жоқ одан басқа ешкімге.

12.04.2021 ж.

Жып-жылмағай түр-өңі, Миы бар да, жоқ сықылды жүрегі. Бірін-бірі жек көретін екі адам, Бір-біріне асық құсап жүреді. Бір-біріне ғашық құсап жүреді.



Мен осы елдің түсінбеймін тірлігін, Мойындайтын бір-бірінің ірілігін. Екі ақын бар бірін-бірі сүйетін, Һәм иттей боп жек көреді бір-бірін!

Бірін-бірі түсінеді күллі жұрт, Бірін-бірі түсінеді күллі қырт... Тек мен ғана түсінбеймін ешкімді, ...Мені көрсе кетед неге ел дүрлігіп? Түсініксіз...

12.04.2021 ж.

Ебіней Бөкетовтің аруағы

(Нұрлан Дулатбековке)

Рухы Бөкетовтің, асып көкті, Түңіліп түрімізден, басып бетті. Арқадан сайғақ құрлы сая таппай, Қашып кетті!

Біреулер кетіп жатса, бірі келіп, Орыны тұрған-ды ұзақ үңірейіп. Атырау-Арқа-Алатау-Алтайда да, Сол Рух жүруші еді күңіреніп...

Мұндағы біз түгілі, Құдайға анық, Алаш та, аруақ та былай қалып, Өзінің құт дарыған ұясына, Қона алмай қаншама ұшты шыр айналып.

Қаншама ел келді, кетті, түскен із жоқ, (Рухы өзімен ұшты егіз боп!). Мен сені қаншама уақыт күттім мұнда, Кел, қонышы үйірімен үш тоғыз боп!

Алдыңнан шығып айхой, алқара көк, Құшақта Сарыарқанды айқара кеп! Ел күтті, бел де күткен көзі талып, Кел, қонышы, о, Аруақ, арқама кеп!

Құдайға сенбегендер «зорға»* сенер, Жалп етіп жарқ еткен соң ол да сөнер. Не болар бұ Алаштың көрген күні, Арқада аруағы болмаса егер?!

07.10.2020 ж.

Зұбайра ару

(хикая)

Ақсұңқардың Аққуы еді Зұбайра, Әйелзаттың пәктігі еді Зұбайра! Сол Аққудың бұ Алашқа бейтаныс, Естілмеген гөккүйі еді Зұбайра!

Аталары бай болған һәм паң болған, Совет өкіметі келіп сандалған... Содан қалған тұяқ еді, кейінде, Ақсұңқар да қарадан шығып, хан болған.

Ақсораңда мекені! Түсініксіз неге бұлай екені. Бәрі кетіп жалғыз қалды осында, Танабастан туған осы екеуі.

Көрген күні сор болып, Үгітілген сүйегі де бор болып. Бір еркекке көз салмаған Зұбайра, Қайтып келді бір жаманға қор болып.

Іші – қобыз сарыны. Жалғыз қара көзіндегі, әрі іні, Төркініне қайтып келді жер сүзіп, Бауырында екі қыз бен бауыры.

Аң-таң қалып іштен тынса ауылы, Ең сұмдығы, ауыры – Жалтақ-жалтақ қарайды бұл байғұсқа, Төрт жасында жетім қалған бауыры...

Бұлтқа батып, шықпастай боп бара ма Ай, Жалғыз бауыр – бұл да оған баладай! Талай жігіт сөз салды оған ғашық боп, Біреуіне қойды соның қарамай!

Тәнті қылған өзіне осы бір елді, Қайран ару тұйыққа кеп тірелді.

Махаббаттың қызығы мен байды да, Бауырына айырбастап жіберді!

Бар тілеуі сол жалғыздың жолында, Бойжеткен соң танып оңы, солын да, Жат жұрттық боп қыздар кетті, қайтеді, Қалып қойды бауырының қолында.

Жапырағын мейіріміне бөлеген, Шөгін бара жатты, қайран сол емен. Тексіз жерден келген «келін – келісап!» Төмпештеген сайын күнде төбеден.

«Шаңырағым енді кімге қалады, Осы ма еді көрер тағдыр-таланы?» Одан туған күшік қоса ырылдап, Талады...

Ақсұңқар жоқ, болар дейтін ұл тұлға, Ағайын бар, бір қан, бір май ұртында. Қызыларайдан біз көшкенде дауы сап, Жылап қалды біздің үйдің жұртында!

Қона мен де қыршындайын төл едім, Қоса боздап, көшке ілесе жөнелдім. ...Сол арудың соңында ешкім қалмаған, Жоқшысы боп, боздашы бір, өлеңім!

16.04.2021 ж.

Азанама

-1-

Мені ылғи өрт пенен дерт айналған, Мениңше, оған өзім де әбден сай болғам. Жырма жаста айырылып әкеден, Бү жүрекке шемен содан байланған.

Мына дүние неткен бұлдыр түс еді, Қай-қайдағы қайдан еске түседі?! Содан кейін бауырлардан айырылғам, Біреу емес, Екеу емес, Үшеуі.

Қанатымнан қайырылдым, Қайран да қайран, шешемнен де айырылдым. Көздің жасын селдетіп бір төктім кеп, Ол жоқ болса, мен де енді жоқпын деп.

Тастап қатын, баланы осы дүниеге, Сонымен бір аржаққа өтіп кеткім кеп.

Содан кейін Тұмағаннан* айырылғам, Нұрағаннан** айырылғам... Қанатымнан түк те қалмай барады, Ұша-ұша тасқа тиіп, майырылған.

-2-

Бүгін, тіпті, қанатымнан қайырылдым, Есенғалидан*** айырылдым!

Терісіне тер сіңбей, О да кетті мына жерді жерсінбей. Біздің ел де қызық ел ғой жүретін Жетесізі жетелісін теңсінбей.

Кетті ол... Құсын талай қимай ұзатқан, Қар жастанып, түскен не бір мұзарттан. Жүре бермей көрінгенмен ұстасып, Жолы болғай кетіп бұ жақтан.

Сонда отыр ғой Алашынның асылы, Алшысынан түсіп күнде асығы. Онда мын ашытатын ешкім жоқ, Осында ғой дүниенің пасығы.

Сыңғырлаған сиқырлы оның күй іші, Періште мен періштенің сүйісі! Келмейді ғой біздің мына мұрынга, О жақтағы ұжмақтың иісі.

Мағжандарын өз қолым ұзатқан, Көп ел бізде дәмелі сол жұмақтан. ...Жүре бермей бір иісті іскеп, Мениңше, тез кету керек бұ жақтан.

*Тұманбай Молдағалиев.

**Нұрмахан Оразбек.

***Есенғали Раушан.

16.04.2021 ж.

Анасымен қатар қойған өлеңді, Ақын анау дүниеге жөнелді. Жүріп жатыр талай «ақын» бұ жақта, Айырмайтын тақпақ пенен өлеңді.

Жүрегін ап кескендейін арамен, Өмірі – өлең, Көңілі – өлең, Ары – өлең! Ол қазақты қара өлең деп ойлады, Басқаларға көр-жерінің бәрі өлең...

Есенғали жоқ қой, Сонда мен енді, Неменеге жазамын сұм өлеңді?! Соқпа дертті шәйір көп қой бұ жақта, Содан ғана еңсем еншік, төмен-ді.

Жазды ол бір-ақ том болатын өлеңді, Соның өзі деді ол өте көлемді. ... Алла менен Абай ғана түсінген, Ойлап тапқан кім бұл қара өлеңді?

Біреу қарауызға эпиграмма

Қасиет те кетті бізден, құндылық, Жас Алаш-ау, енді сенде күллі үміт. «Ұлым» дейді неге мынау қарауыз, Елдің ішін алағайдай бүлдіріп?

18.04.2021 ж.

Алтын балық

(Пушкиннің әуенімен)

Түс ауған кез, су-дағы салқынданып, Ұстап алдым мен де бір алтын балық: Құтқар дедім аюдан батыстағы, Тулап жатқан мұңлықты алқымға алып!

Тұрғанда біз жыландай арбасып-ақ, Сонда сорлы басына сауға сұрап: Баяғыда-ақ құтқарғам деді сені, «Кетпей жүрген өзің ғой жармасып ап».

Су тына ғап, жағада қамыс ұлып, Басым лагты, бойдағы қан ысынып: «Шығыстағы Жыланнан құтқар онда», Дедім алтын балыққа жан ұшырып!

Оған да ол көз жасын, көнді бұлап, Ләм дей алмай мен қалдым, (Өрлігі ұнан!): «Оны Құдай біледі, ол да кетер, Сен Құдайға сенбейсің жөнді, бірақ...

21.04.2021 ж.

Селф-мейд-мен*

(Маралтайға)

Туа сала алып еді мазаны, Тәңірінің түсті осыған назары. Бесінде тербетті оны, емірентті, Әулие-Ата-Ғайша Бибі ғазалы.

Қалай болса, солай жүріп, албаты, Аңыз болып көр-жерде оның қалды аты. Арқасына өлең қонған баланы, Арбап, тартып тұрады екен Алматы!

Қар жастанып қияда, мұз бүркеніп, (Қасіретті – Қара өлеңмен бір көріп!) Алматыға жетіп келді бір күні, Кеңсай дейтін «кварталға» тіркеліп!

Сағаламай мынаны, не ананы, Кісі болса, бұ да тағдыр-таланы. ...Жақсы көрем сарайда өскен мырзадан, Кеңсайда өскен осы шерлі баланы...

*Бәрін нөлден бастап, тірі жанның көмегінсіз, өзі адам болған кісі (ағл.).

23.04.2021 ж.

Қасым – 100

(Қарағанды. 2011 ж. Қасым ескерткіші ашылғанда)

Ақындардың осы тағдыр-таланы, Сәби еді туғанда ол, Бала әлі. Қасым тұрды гүл құшақтап ортада. Қарағанды – Гүлстанның Алаңы!

Гүл ұсынып кезек-кезек жампаңдап, Келіп жатты, кетіп жатты ел Талтаңдап...

Бір пендеден гүл алмаған өмірі, Ақын қарап тұрды сонда аң-ғаң ғап. Жатты оқылып жыр жатқа. Халық қалды ырғап та бір, жырғап та. Үш күннен соң гүлдің бәрін артып ап, Алып кетті біреулер кеп бір жаққа.

Дәл сол күні дүрліктіріп бір елді, Жасын ойнап, күн де боздап жіберді! Мениңше, оны лақтырды олар бір жаққа, Не бір жерде жағып, өртеп жіберді!


...Болдым бүгін сол ескерткіш басында, Қасқайып тұр Қасым ұқсап жасынға. Қала – сұп-сұр. Алаң – иесіз. Ақынның, Гүл түгілі, бір қазақ жоқ қасында?

23.04.2021 ж.

P.S. Неге?

23.04.2021 ж.

• ШЕРТОЛҒАУ



Аз сөз, азалы сөз

«Жетінші толқынымен» бір кездері,
Қазақ фантастикасын бастап берген.

Дәл сіздей қыруар мұра қалдырар кім?!
Туады еңбекқордың алдынан күн.
Қаныштың әлеміне бастады оны,
Бір сөзі «Қарғаш!» – деген Марғұланның.

Өмірің жүзді алға бақ-қайықта,
Бейнеңді жадымызда сақтайық та.
Қазақта жазушы жоқ өзіңдей,
Арнаған бар ғұмырын Сәтбаевқа.

Шын дерек, дәйектермен алып келген,
Аймаңдай асылдарды халық көрген.
Тұлғасын Бекмаханов, Бөкетовтің,
Тарихқа жаздың алтын әріптермен.

Күн өтті аласапыран, елең-алаң,
Дәлелді деректерге сенеді адам.
Біртуар үш Алыпты ақтап алған,
Өзіңіз де – Алыпсыз, Медеу ағам.

Тамырымды іздесем, кезігесің,
Білмесем, жазғаныңды өзіме сын.
Арғында Қаракесек, Тарактының,
Ұрпаққа жазып кеттің шежіресін.

Архивтен деректерді кендей қазған,
Еліңнің қайғы-мұңы шердей қозған.

Ешкім жоқ, ақиқатын ашып тұрып,
Семейдің қасіретін сендей жазған.

Мен едім Арқада өскен бала қайың,
Жүректен Әміредей ән атайың.
Жанак, Қасым, Төлеужан, Қашаф болып,
Кеудемнен өлең сөзді боратайың.
Сарыарқада Сапекендей саят құрып,
Аузыма дүйім жұртты қаратайың.
Толғанып, толғау жаздым бүгін ғана,
Озғанда дүниеден ағатайым.

Жаксылардың соңы едің, қайран ағам,
Көргенде жанарымен аймалаған.
Абай елі сыйып тұр құрметіңе,
Құшағын Семейіне жайған ағам.

«Жәннаттың қақпасы ашық!», – дегенде елін,
Оразада көз жұмдың, кеменгерім.
Ұлыстың ұлы күні иман тілеп,
Ұлы адам екеніңді дәлелдедің.

Бірлікте бол! – деуші едің, – шашырама!
«Бақұл бол!» – ел айтар сөз осы ғана.
Қаныштың ауылына шығар жолға,
Шығарып салып тұрмыз, Асыл аға!

Қош! Бақұл бол, Медеу аға!

Бауыржан ЖАҚЫП

Кім болар өз ағасын танымаған,
Мен бүгін Ертісімнен ағын алам.
Сүйенген еңбегі мен ақылына,
Бұл ағам – Абайша айтсақ, толық адам.

Толық адам дегенім – кемел адам,
Білімі дүниені кең ораған.
«Айшықты мәзетімен» көзге түсіп,
Жинаған асыл сөзді Медеу ағам.

Абайды, Әуезовті жастап көрген,
О бастан-ақ желкенін асқақ керген.

• БАЙҚАУ

«Алтын шаңырақ» пен «Күміс керегенің» мерейі

Наурыз мерекесі қарсаңында Қарағайлы мәдени-сауық орталығы көп жыл отасып, ұрпақ тәрбиелеп отырған үлгілі отбасылар арасында «Алтын шаңырақ» және «Күміс кереге» ата-алымдары бойынша байқау ұйымдастырған болатын.



Жақында осы шараның, отау құрғанына 50 жылдан, 25 жылдан асқан шаңырақтардың иелерін дәріптеу мақсатында өткізілген игілікті істің қорытындысы белгілі болды. «Қазақмыс» корпорациясы Қарағайлы байыту фабрикасының басшылығы мен «Кәсіпкер» кәсіподақ ұйымы демеушілік жасаған байқау жоғары деңгейде өтті. Фабрика директоры Ұлан Райнбекұлы бастаған топ Шаңырақ күні мерекесінде байқау жеңімпаздарын олардың үйіне арнайы барып құттықтады.

«Алтын шаңырақ» қазыналы Қарағайлыда еңбек етіп, шаңырақ көтергендеріне 55 жылдан асқан Ұмысгүл мен Жақан Батырбековтердің әулеті болса, «Күміс кереге» – қырық жылға жуық өнегелі отбасы болып келе жатқан Әзия мен Ербол Досжановтардың отбасы. Фабрика мен мәдени-сауық орталығының өкілдері үздік атанған отбасыларға арнайы құт-

тықтау хат пен сый-сияпаттарын табыстап, жүрекжарды ақ тілектерін арнады. Екі отбасы да бұл күндері ұл-қыз өсіріп, немере сүйген бақытты шаңырақ, еңбек жолдарын ұрпақтары жалғаған, тәлімі мен тәрбиесі, көпке үлгі болар өнегесі мол әулеттер. Отбасылық құндылықтарымен, еңбекқорлығымен, адамгершілік қасиеттерімен, айналасына жасаған игілікті, игілікті істерімен сыйлы болып жүрген бұл отбасылар қандай марапатқа да лайық.

Өз Наурыздың осындай ізгі шаралары Қарағайлыда өз жалғасын таба бермек. Ізгі мерекедегі шуақты шаралар халықтың да көңілінен шығып отыр.

Болатбек ӘШІМУЛЫ

Қарқаралы ауданы

Суретті түсірген Қарлығаш ОРАЗЖЫЫ

• НАУРЫЗ НАҚЫШТАРЫ

Үміткердегі Ұлыстың Ұлы күні

Қарағанды мен Павлодар облыстарының шекарасында жатқан Үміткер баяғыдан қаймағы бұзылмаған шымқай қазақ ауылы. Мұндағы ел де Арқадағы алты ай қыстың әлегінен арқасы босап, 22 наурызда Ұлыстың Ұлы күнін атап өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл күнгі мерекеге ауыл тұрғындарынан бөлек қала-даладан келген жерлестері мен көршілес елдімекендерден меймандар көп жиналды. Олар таңертеңнен кешке дейін мектептің спорт залында өткен сайыстар мен клуб сахнасынан ауыл өнерпаздарының концерті мен салт-дәстүр көріністерін тамашалап, Наурыздың мол дастарқанынан дәм татты. Оның жақсы өтуіне үміткерліктер бір кісідей атсалысып, ас мәзірін өздері қамдап, жүзде қорына ақшалай үлестерін қосыпты. Осы істің бәріне клуб менгерушісі Айман Ысқақова мен көркемдік жетекшісі Асан Тақуов ұйытқы болып, ауылдық әкімдік қолдау көрсеткен екен.

Үміткердегі Ұлыстың Ұлы күнін аталған ауылдық округтің әкімі Еркін Зәлімов құттықтау сөзбен ашып, 10 күнге жалғасқан Наурызнама бүгін

күшіне ел тәңті болды. Ал, 24 және 16 килограмдық кір тастарын көтеруден Дастан Төлеуов пен Сұлтан Нұртас тұғырға көтерілсе, арқан тартыстан ерлер арасында Ынтымақ көшесінің, әйелдер арасында Абай мен Бейбітшілік көшелерінің біріккен командалары алдан көрінді. Спорттың басқа түрлерінен көзге түскендер де марапаттан құр қалған жоқ. Көшелердің ішінен Бейбітшілік көшесі бірінші орын алып қалған үш көше де түрлі аталымда сыйға бөленді.

Ал, клуб сахнасында өткен «Төрлет, төрлет, әз Наурыз!» атты әдеби-сазды мерекелік бағдарламада бауырсақ шоу, көшелердің таныстырылымы, салт-дәстүр, өнер мен ұлттық тағамдары бәсекесі көрініс тауып, жүлделерлер анықталып, жергілікті өнерпаздар ән-күйден шашу шашты.

Ең бастысы, клубтың кең залында жайылған 7 столдың дастарқанында не жоқ дейсіз... Ас алдында Қыдыр ата (Нұрлан



түйінделіп отырғанын айтты. Ол өткен жылдың қазан айында болған сайлауда үш үміткердің арасынан көпшілік дауыс жинап, бұл лауазымға сайланған осы ауылдың тумасы болатын.

Одан әрі мерекелік шараларға кезек берілді. Спорттық сайыстар қазақ және қол күрестерінен, асық ату, арқан тартысу, волейбол, кір тасы мен қой көтеруден өтіп, жарыс жеңімпаздарына дипломдар мен ақшалай сыйлықтар тапсырылды. Әсіресе, Есім Сейсенбаевтің өзі 303 рет көтерген қойды иеленген

Аппасов) бата беріп, тойшыл қауым қазы-қарта, жал-жаны жыртпай шайнап, Наурыз көжесі мен қысырдың қымызын мелдектете ішіп, ірімшік, жент, құрт, сүзбе сияқты жеңіс тағамдардан ауыз тиді.

Сонымен таң бозынан қас қарайғанға дейін созылған Ұлыстың Ұлы күні үміткерліктердің ойынан көпке дейін кетпейтін шығар.

Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

Владимир Романович ЛОКТИОНОВ



Қарағанды облысының облыстық денсаулық сақтау басқармасы, «Облыстық қан орталығы» КМК әкімшілігі, ұжымы және кәсіподақ комитеті денсаулық сақтау үздігі және ұйымдастырушы Владимир Романович Локтионовтың 69 жасында қайтыс болуына байланысты туыстары мен жақындарына қайғырып, көңіл айтады.

Владимир Романович Локтионов 11.07.1955 жылы Жаңаарқа ауданы Атасу кентінде дүниеге келген. 1972 жылы мектеп бітіріп, Қарағанды мемлекеттік медицина институтының санитарлық-гигиеналық факультетіне оқуға түсті. 1984 жылдан 1997 жыл аралығында Қарағандыжылстрой трестінің «Строитель» санаторий-профилакториясының бас дәрігері болып жұмыс істеді. 15 жыл бойы, 1997 жылдан 2012 жыл аралығында Қарағанды облысының «Облыстық қан орталығы» КМК басқарды. 2006 жылы кандидаттық диссертациясын сәтті қорғады. 2007 жылы Қарағанды облысының денсаулық сақтаудың үздік ұйымдастырушысы атағына ие болды. Владимир Романовичтің тікелей басшылығымен 2011 жылы Облыстық қан орталығының халықаралық стандарттарға сай жаңа ғимараты пайдалануға берілді. 2012 жылдан 2014 жыл аралығында «Гиппократ» ЖШС директорының орынбасары қызметін атқарды. 2015-2024 жылдары «Оптика үйі» ЖШС директоры.

Владимир Романович өзінің өмірлік ұстанымымен, кәсібилігімен, ынты-жігерімен, жаңашылдығымен және мақсатқа талпынушылығымен ерекшеленді.

Владимир Романович туралы жарқын естелік біздің жүрегімізде мәңгі қалады.

№95

Еске алу

Нұра ауданы Кертінді ауылының тумасы, асқар таудай әкеміз, ардақты бауырымыз Бөгенбай ҚАЛИМУЛЫ тірі болса биыл наурыз айының 29 жұлдызында 75 жасқа толар еді. Әулетіміздің бәйтерегі едіңіз. Мерейлі жасыңызды қасиетті Нұраның бойында тойлап, мерей-мәртебенізді көтеріп ақжарма тілектер айтылар еді. Алланың жазуы осылай болды. Тағдыр сізге 69-ақ жас бұйыртыпты. Бұл біздің аяулы анамыздың да өмірден өткен өлшеулі жасы еді. Ана мен бала арасындағы тағдырдың бір болғаны ғой. Бір кем дүние, уақыт өз дегенін алады.



Бөгенім, біз сізді сағынамыз. Өз балаларыңызды аяқтандырыңыз да немерелердің қызығын көруге жазбапты. Бауырлар бар болғанмен Аға талбаймайды екен. Жыл өткен сайын сағыныш артып барады. Балалық шақты еске алсақ, біз үшін еңбекке ерте араластыңыз, асыл анамызға сүйеніп, арқа тіреу болдыңыз, барлық жағдайды жасадыңыз. Еңбегіңіздің зейнетін де алты-ақ жыл көрдіңіз. Бауырымыз Бауканың (Бауыржанның) мезгілсіз қазасы қабырғанызды қайыстырып, жүрегіңізге салмақ салып кетті. (Оғанда 12 жыл болды-ау). Баукеннің қазасы болмағанда арамызда «мәуелі бәйтеректей» жайқалып жүрер едіңіз.

Аға есейіп әр тарапқа кеткенімізде, жолымызды тосып, ауылдың кіре берісінен қарсы алушы едіңіз, басқасынан бұрын жалғыз жеке шығып мандайымыздан сүйіп сағынышымызды басушы едік. Бәрінен бұрын сол кезде біз кеуімізді көргенде, мейірімді көздеріңізден Қарашап пен Бикешті жоғалтып іздеп тұрғаныңызды айтпай-ақ сезетінбіз. Өр сөзіңіздің мәтелі «біз бір атадан бөсеу едік» – деп айтушы едіңіз. Енді сол күндер келмеске кеткен сағымдай, елес болып қалды ғой. Тағдырға не шара?! Бақыттай аяулы жемгеміз, Бақытжандай асыл бауырымыз тұрғанда шаңырағыңыздан шаттық нұры сөнбесі анық. «Орнында бар оналар» деген сол. Ырыс береке босағаныздан кеткен жоқ. Бейсенбі, жұма шөлпексіз өткен жоқ. Тек сіз жоқсыз, орныңыз үңірейіп тұр.

Бөгенім, сіздің орныңыз өзара «Үштік Одақта» да үңірейіп қалды ғой. Қаратай, Қорда ағаларым да, «Көшбасшысыз» қалғандай, өзіңіз алты жылды арқа қалдырды. Үшеуіңіз туғаннан көрші, әрі дос, біріңсіз-біріңізді көру мүмкін емес-ті.

Нұрлы Нұраның қаншама тойын айтпағанда, қаралы үйдің «қазасында» өздерімен бірдей көтеріп, «соңғы сапарға шығарып салудағы» адами қасиетіңіздің өзі бір «өнеге» еді-ау!

Ағамыздың тағы бір қыры:

Жоғары білім алмаса да, ауыз екі тілде, «суырып салма» ақындығы – «шайыр» еді-ау!

Жақсы адамның артында нұр қалады, Кімдер мекен қылмаған бұл даланы... Өзіңді іздеп сары жел сыр айтады, Жылап ағып, Нұраның жылғалары...

Қызыл тілден төгіліп, өлең жырын, Ешкім сөйлеп көрмеген сенен бұрын. Елдің талай алып ең, ақ батасын, Асқақ еді сұңқардай сенің үнің!

Талай жастың бақ тілеп ғұмырына, Саф өнердің айналың тунғығына. Арғы затың Қыпшақ елге әйгілі, Айдар таққан алтынан тұлғамына!

Бөгенім! Қайран жүрек сағынады, Сіз сүрген ғұмыр бізге мағыналы, Мекенің сегіз пейіш төрінде боп, Мәңгілік риза болсын әруағыңыз!

Сағынышпен еске алушылар : Қалиевтер отбасы, балалары, бауырлары – Қарлығаш пен Жаңылған.

№94

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

«Saryarqa Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі қаламгер Құлтөлеу Мұқашқа жездесі Елеусіз Әбдіғалымұлы ТАТИКОВТИҢ қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Электрондық пошта: ortalyk.kaz@mail.ru



• БӘРЕКЕЛДІ!

Ташкентте топ жарды

Ұлыс күні Ташкенттен ақжолтай хабар жетті. Қарағандылық жас өнерпаздарымыз Өзбекстан астанасында өткен «Spring Fest таланттары» халықаралық өнер байқауында топ жарып, елге олжалы оралды.



Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балалардың бұл өнер байқауына Қарағанды, Павлодар, Петропавл, Алматы, Астана, Қосшы қалаларының жас өнерпаздары қатысып, ел намысын қорғаған еді. Өңірімізден барған елу жылдық тарихы бар Ботақара кентіндегі «Руханият» өнер орталығының «Руханият» ансамблі «Ер-Тұран» күйін күмбірлете орындап, қатысушылардан қара үзіп, бас жүлдені жеңіп алды. Ансамбль құрамындағы өнерлі жастар жеке орындау бойынша да бақ сынасып, өз жас санаттары бойынша жүлделі бірінші орынға ие болды.

Атап айтсақ, Нұрғиса Сәлімов, Ерасыл Игілік, Нұрмұхамед Үкібас, Бекарыс Серік, Нұрасыл Қуандық лауреат атанды. №2 музыкалық мектептің шәкірті Нұрасыл Жәлелұлы дауылпаз аспабын аз ғана уақыттың ішінде үйреніп алған. Ол жеке орындауда Құрманғазы Сағырбайұлының «Балбырауын» күйін орындаған. Яғни, екі аспапта да еркін ойнайды. Мұнымен қоса, жас өнерпаз «Қарақат» мектеп студиясында тәлім алып жүр.

«Туған күніме әкем домбыра сыйлады. Содан оны тез үйренгім келіп, үйіргеме жазылдым. Дауылпазда ойнауды жақында ғана меңгеріп алдым. Бұл аспап домбыраға қарағанда жеңіл. Қазір «Адай» күйін үйреніп жүрмін. Жиырмаға жуық күй тарта аламын», – дейді өнерлі Нұрасыл.

Мұнымен қоса, ансамбльдегі Нұрғиса Сәлімов халық әндері аталымында өнер көрсетіп, жүлделі екінші орыннан көрінді.

Ансамбль жетекшісі Жазираш Бимарденова үкілеп апарған шәкірттерінің жоғары өнер көрсеткеніне ерекше риза.

– Үмітіміз ақталды. Өнерлі балаларымыз ұлттық аспапта күй орындау, халық әндерін айту, эстрадалық бағыт бойынша да бақ сынасты. Осы ретте, ата-аналарына айрықша алғысымды жеткізім келеді. Шәкірттерім бірінші рет халықаралық байқаудан жүлделі болып тұр. Оның үстіне бас жүлде алғаны біз үшін зор мәртебе, – дейді жетекші ұстаз.

Сурет ансамбль жетекшісінен алынды

Ұлық мейрам ұлықталды

(Соңы. Басы 1-бетте)

Арқа жұртын халықаралық байқаулардың лауреаты, «Дарын» мемлекеттік сыйлығының иегері, «Голос» және «Славян базары» халықаралық байқауының жүлдегері, көпшілікке Әміре атымен танылған Ернар Сәдірбаев пен «Азия дауысы» фестивалінің жеңімпазы, дара дарын иесі Бауыржан Исаев жаңа жылмен, жаңа күнменен құттықтап, өнерлерін ортаға салды. Көрерменнің көңілін шуақты әндерімен көкке көтерді.

Қарағандылық дизайнерлердің алтын қолынан шыққан ұлттық киімдер шеруі де көпшілікке қол соққызды. Үлкен сахнада «Nauryz-Fashion» деген атаумен өткен сән көрмесінде көпшілік назарына қазақы нақышпен көмкерілген эксклюзивті топтамалар ұсынылды. Әсіресе, «Ұлжан»

іңірге дейін созылған мерекелік кеште Кеншілер мәдениет сарайының көркемөнерпаздар ұжымы да өнерлерін ортаға салды. Олар «Құт-береке мейрамы – Наурыз» атты арнайы әзірленген мерекелік бағдарламасы да тартымды өтті деуге болады.

Саябақтың сахна жағы ән мен жырға бөлесе, алаңқай жақта аламан бәйгеден басқа, ұлттық спорт түрлерінен сайыстар ұйымдастырылды. Жігіттер топ-топка бөлініп, арқан тартысты. Енді бір бөлігінде жігіттер білек күштерін сынап, қол күрестірілді. Кір тасын көтеруден де жігіттер бірінен-бірі асты. Дегенмен қарағандылық Аслан Серәлімов деген атаумен өткен сән көрмесінде көпшілік назарына қазақы нақышпен көмкерілген эксклюзивті топтамалар ұсынылды. Әсіресе, «Ұлжан»

– Биылғы Наурызды ерекше қарсы алып отырмын. Неге десеніздер,



өтті. Қалада өскен балалар бір мезгіл байырғы бабалар тұрмысының шетін көре алды. Ақ жаулықты аналар киіз басудың, текемет тоқудың рәсімін көрсетті.

Саябақтың тағы бір алаңынан алтыбақан құрылды. Балалар соның қызығына әбден багты. Аймағымыздағы аңшы, құсшылардың барлығы да той алаңда төбе көрсетті. Тазы-құмайларымен, қаршыға, бүркіттерімен келіп, Наурыз думанның сәнін ашты.

Айтпақшы, дәл осы күні Жастар спорт кешені де дүбірге бөлініп жатқан. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен Қарағанды қаласы әкімдігі бірлесіп, ұлттық спорт түрлерінен байқау ұйымдастырды. Мұнда да қазақ күресі, асық ату, қол күрес, ләңгі, тоғызқұмалақ, арқан тартыс және қой көтеру, кір тасын көтеруден турнир дүбірлеп өтті. Спорттың әр түрінен қатысқан жеңімпаздар құрқол қайтқан жоқ. Ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Қой көтерген палуанның еншісіне өзі көтерген қой бұйырды. Осылайша, Амал мерекесінен бері ұлттық спорт ұлықталуда.

Наурызмананың онкүндігіндегі «Ұлттық спорт күнінде» көкпар маусымы ресми түрде ашылды. Тәттімбет көпесі бойында «Baspana» ТК мен Күнгеі шағын ауданының арасында Қарағанды қаласы әкімінің

кубогі үшін ардагерлер арасында төрт команда өзара бақ сынасты. Жеке командалық сайыстан кейін «Жалпы көкпар» өтіп, алаңды шаңға көмді. Оған 200 палуан қатысып, 1 млн. теңгені сарапқа салғанын және атап өтейік.

Ұлы мейрам қарсаңында түрлі қайырымдылық шаралар ұйымдастырылды. Мәселен, К.Станиславский атындағы Қарағанды орыс драма театрында көпбалалы және аз қамтылған отбасында тәрбиеленіп жатқан бүлдіршіндерге арналған мерекелік іс-шара өтті. Бір сағат ішінде балалар асық ойнап, садақ атып, арқан тартысты. Арнайы фотоаймақтар ұйымдастырылды. Театрландырылған көріністі тамашалаған балалар соңында би билеп, көңілдерін көтерді. Мұндағы мақсат – балаларға Ұлық мерекенің қадір-қасиетін сезіндіру.

Облысымыздағы барлық аудан-қала, тіпті, ауылдарда Наурыз тойының дүбірлеп өткенін әлеуметтік желіден көріп отырмыз. Олар да онкүндікті үзбей атап өтті.

Қарағанды жұрты Ұлыстың ұлы күнін осындай сипатта қарсы алып, төлеу маусымына түрде озырды. Босағамыздан аттаған жана жылдың ырысты, несібелі жыл болуын тілеген жұртшылық бір-бірін құшағына риясыз басты.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ПРЕМЬЕРА

«Үкім» көрерменге жол тартты

Қарағандыда «Үкім» толық метражды фильмінің көрсетілімі өтті. Кино-турдың кеншілер астанасынан басталуы да тегін емес. Туындының режиссері әрі сценарий авторы Диас Бертіс – Қарағандының тумасы. Алдағы уақытта фильм Астана, Қызылорда, Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларында көрсетіледі.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жас талант Диас Бертіс мыңдаған көрерменнің жүрегін жаулаған «Черный двор» телехикаясының да режиссері екенін атап өткен жөн.

«Үкім» фильмі өмірде болған шынайы оқиға негізінде түсірілген. Түсірілімнің негізгі жұмыстары Қырғызстанда өтсе, басқасы Қазақстанда атқарылған.

– 2008 жылы Қырғызстанның Тоқмақ қаласында мектептің жоғары сынып оқушылары полиция бөлімін басып алып, әділдік талап еткен. «Үкім» фильмінің идеясы осы оқиғаға негізделді. Бірақ, біз полиция бөлімін қалай сотқа ауыстырдық. Идеяны ұсынған қырғызстандық Автандил Батырбеков деген талантты оператор. «Черный дворды» бірге түсірген едік. Біздің фильмде әділдік қана емес, мейірім мен кешірім бас планға шықты. Осы туралы қасиетті Құран көрімінің сүресін негізге алдық. Фильм жекеменшік демеушілердің қаржысына түсірілді. Түсірілім Ыстықкөл жағалауында Балықшы қаласында өтті. Алғашқы жабық көрсетілім Алматыда ұйымдастырылды. Кейін Қырғызстанда тұсауы кесілді. Қарағандыдан Қазақстан бойынша турды бастадық, – дейді Диас Бертіс.

Туынды – Қазақстан мен Қырғызстан киногерлерінің бірлескен жобасы.

Экшн-драманың бас продюсері – Данияр Хатим. Бас рөлдерді Рауан Ахмедов, Дамир Амангельдин, Айбар Салы, Болот Тентимышов, Назым Мендебайров, Калипа Таштанова сомдаған.



Сюжет желісі Бекзат, Ақтан, Қуат, Алан есімді замандас жастардың маңында 2009-2010 жылдары өрбиді. Алан – байдың баласы. Ол кезекті төбелес кезінде байқамай Ақтанның бауыры Бекзатты атып өлтіреді. Тапаншаны полиция қызметкерлерінен ұрлап алған Қуат, Бекзат осы тапаншаны атылды.

Болашағын Ұлттық қауіпсіздік комитетімен байланыстырғысы келген Ақтанға бауырының өлімі өте ауыр соққы болды. Байдың баласының жазадан құтылып кететінін білген Ақтан сот кезін-

де конвойдың автоматын күшпен иеленіп, ғимаратты басып алады. Мақсаты – әділ сот өткізу.

Оның жүрегін, өне бойын кернеген кек, өшпенділік, қатыгездіктің соңы орны

толмас қайғыға алып келді. Мейірімділік танытып, кешірімді бола білгенде бәрі басқаша аяқталуы мүмкін еді.

Фильмнің соңында «Мүмкін біз балаларымызға дұрыс тәрбие бере алмаған шығармыз. Әлде осындай орны толмас қайғының орын алуына осы жастардың өмір сүрген уақыты кінәлі ме?» деген сөздер бар.

Кейінгі технологиялармен сапалы түсірілген фильмді тамашалап отырып, түрлі сезімді бастан кешірдік. Фильм осы тұрғыдан мақсатына жеткен. Десе де, әр көрермен өзінше ой түйері анық.

• СҮЙІНШІ!

Түркияны тәнті етті

Бұқар жырау ауданы, Ботақара кентінің жас вокалисі Әли Тілеубеков Түркияның Стамбул қаласында өткен ALASH STAR халықаралық байқауда бірінші орынға ие болып, аймағымыздың мерейін тасытты.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әли – Ботақарадағы С.Торайғыров атындағы тірек мектебінің 6 сынып оқушысы, 12 жаста. «Руханият» қосымша білім беру орталығының және Vocal Karaganda вокалдық студиясының шәкірті. Музыкамен айналыса бастағанына небары екі жыл болған. Бірақ, осы қысқа уақытта бірқатар жетістікке жетіп үлгерді.

– Вокал бойынша екі ұстазым бар – Тәттігүл Сағындықова мен Еламан Маженов. «Руханият» орталығында жұмыс күндері, ал, вокалдық студияда демалыс күндері айналысамын. Қарқынды дайындықтың арқасында екі айда ALASH STAR байқауына қатысатындай тәжірибе жинадым. Байқауда «Атамекен» әнін әулетіп, топ жардым, – дейді Әли.

Кейіпкеріміз бұдан бөлек, жас жыраулар үйірмесінде жыршылықты, «Мейрам» балалар киностудиясында актерлік шеберлікті бойына сіңіріп жүр. Атап айтсақ, осыған дейін «Өтірікші», «Жалған ақша», «Тілек», «М.А.К», «Ойында таныстық» атты фильмдерге түскен.

– Әли – жан-жақты бала. Бұрын спортпен айналысқан. Денсаулығына байланысты ол спорттан кетті. Біз оның шығармашылық әлеуетін ашуға күш салып, даму бағытын өзгертуге көмектестік. Негізінде, бала кезінен музыкаға әуес, – дейді анасы Айгүл Балықова.

Әлидің болашаққа жоспарлары көп. Әнші, актер және блогер ретінде дамып, танымал болып, табыс тауып, еліне пайдасын тигізуді қалайды. Осы қарқыннан таймаса, әлі талай ірі халықаралық байқауларда елін әлемге танытарына сенім бек.



Сурет облыс әкімінің сайынан

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС
Директор – Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары – Оксана Вячеславовна МЯГКХОВА
Бас редактор – Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары – Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы – І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы – Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігіндегі Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VR00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілімесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 485

№ 34 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқ» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жаная ОМАРБЕК